

ГЕРАЛЬДИКА – РӘМІЗДЕР ЖҮЙЕСІ

5-БЕТ | МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ



ТУРИЗМ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



БАЛА ҚАБДЕШ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

> Ербол ШАЙМЕРДЕНОВ:
>
> ЕШҚАШАН ЕСТЕН ШЫҒАРУҒА БОЛМАЙТЫН БІР АҚИҚАТ БАР. ОЛ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ ТЕК КӨРКЕМ ОБРАЗ ҒАНА ЕМЕС, ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ ЕКЕНІ. ОЛАР ОСЫНАУ ІЗГІ СЕЗІМДІ АДАМДАРДЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІНЕ СІҢІРІП, АҚЫЛ-ОЙЫНА ДАРЫТУҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ.

№65
(4963)
Бейсенбі
4 маусым
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШ

Бүгін – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіз елдің, дербес мемлекеттің мәртебесін айқындайтын ең басты құндылықтар саналады. Осыған орай Астана қаласында «Менің елім – менің туым» дәстүрлі акциясы ұйымдастырылды. Елорда жастары мен қала әкімдігінің қолдауымен Мемлекеттік ту қаладағы тұрғын үйлердің қасбетіне ілінді. Сондай-ақ кешеден бері бас қалада мемлекеттік рәміздерді ұлықтаған мерекелік іс-шаралар өтіп жатыр.


АСТАНАДАН ҰЛАНБАТЫРҒА ҰШАДЫ

2 маусымнан бастап SCAT әуе компаниясы Boeing 737 MAX үлгісіндегі әуе кемесімен аптасына екі рет (сейсенбі және жұма күндері) жиілікпен Астана-Ұланбатыр бағыты бойынша жаңа әуе қатынасы ашылды.

Қазіргі уақытта Моңғолияның Hunnu Air әуе компаниясы Алматы-Ұланбатыр бағыты бойынша аптасына 3 рет жиілікпен тұрақты рейстерді орындайды. 6 маусымнан бастап аталған бағыт бойынша рейстер саны аптасына 4-ке дейін артады. Осылайша, Қазақстан мен Моңғолия арасындағы рейстердің жалпы саны 2 әуе бағыты бойынша аптасына 6-ға дейін ұлғаяды. Астана және Ұланбатыр қалалары арасында әуе қатынасының ашылуы екі ел арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, іскерлік және туристік ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.

6-7 МАУСЫМ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖӘРМЕҢКЕСІ

Мұнда көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыздар. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді.
Мекенжайы: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б.





1-9 маусым күндері елордада алғаш рет боччадан Astana 2026 World Boccia Cup халықаралық турнирі өтеді.

Турнирдің ашылу салтанатына ҚР Бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев, Халықаралық бочча федерациясының президенті Джонатан Морган, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов қатысты. Турнирге әлемнің 24 елінен келген 90-ға жуық спортшы қатысып жатыр.



Елордада шомылу уақыты, жылдағыдай, 1 маусымнан 31 тамызға дейін жалғасады. Осыған орай мамандар елордалықтар мен қала қонақтарының қауіпсіз шомылуы үшін қандай жағажайлар қарастырылғаны және судағы қауіпсіздік мәселелері туралы ескертіп, түсіндіру жұмысын жүргізуде. Қазіргі уақытта Астана қаласында шомылуға рұқсат етілген 5 орын белгіленген.

№65 (4963) 04/06/2026 Бейсенбі

ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА ШЫҒАТЫН ҚАҚПА АШЫЛДЫ

2-4 маусым күндері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Кипр Республикасының Президенті Никос Христодулидис Қазақстанға ресми сапармен келді. Кеше өткен келіссөздер барысында президенттер сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарға басымдық беретін екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективасын талқылады. Сондай-ақ тараптар бірқатар құжаттарға қол қойды.



АСТАНА-ЛАРНАКА ӘУЕ РЕЙСІ АШЫЛДЫ

Тәуелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Кипр Республикасының Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті. Іс-шара аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никос Христодулидис бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Қазақстан мен Кипрдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Кипр Президентіне ілтипат білдіріп, оның Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапарының тарихи мәнін атап өтті.

«2019 жылы Сыртқы істер министрі лауазымын атқарып жүргеніңізде елімізге келіп, Қазақстанның Еуропа Одағындағы сенімді досы әрі қолдаушысы ретінде әрекет ететініңізді мәлімдеген едіңіз. Бүгінде біз айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік деп сеніммен айтуға болады. Мемлекеттеріміздің астаналарында елшіліктерімізді аштық. Екі ел арасында тікелей әуе рейсі іске қосылды, басқа да бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылды. Дегенмен екіжақты ықпалдастықты кеңейту үшін әлеуетіміз жеткілікті деп ойлаймын. Өз тарапымнан көптеген бағытта ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға күш салуға дайынмын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Никос Христодулидис Қазақстан Президентіне қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты.

«Сіздің еліңізге Кипрден тікелей қатынайтын алғашқы рейс арқылы іскерлік делегация өкілдерімен бірге ұшып келгеніме өте қуаныштымын. Елдеріміздің әлеуеті мол. Бүгінгі келіссөздер өзара ынтымақтастықты арттыруға септігін тигізеді деп санаймын. Сондай-ақ Қазақстанға басқа лауазымда келіп отырмын. Қазіргі уақытта еліміз Еуропа Одағы Кеңесіне төрағалық етіп жатыр. Аталған өңірдің маңызын және Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отырып, Еуропа Одағы мен Қазақстан арасындағы ықпалдастықты одан әрі ілгерілету жолдарын талқылауға әзірмін» деді Кипр Президенті.

АЛҒАШҚЫ ТАРИХИ САПАР

Қазақстан мен Кипр президенттері Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никос Христодулидистің келіссөзі екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты. Мемлекет басшысы Кипр Республикасының Президенті дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған сәттен бері елімізге алғаш рет тарихи сапармен келгенін атап өтті.

«Біз жаңа ғана шағын құрамда мазмұнды келіссөз жүргізіп, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейіл екенімізді растадық. Қазақстан өзара тиімді келісімдерді бекітуге дайын. Өйткені елдеріміз арасында қалыптасқан достықты құрмет тұтамыз. Сапарыңыздың Кипр Еуропа Одағы Кеңесіне төрағалық етіп жатқан кезеңде өтуі символдық мәнге ие. Осы орайда Сіздің жетекшілігіңізді жоғары бағалаймыз әрі маңызды миссияны табысты аяқтауыңызға тілектеспіз. Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Кипрдің халықаралық аренадағы беделі айтарлықтай арта түсті. Біз Кипрмен сан қырлы серіктестікті дамытуға мүдделіміз. Екі ел арасындағы қарым-қатынас саяси деңгейдегі тұрақты байланыстар және дипломатиялық ведомстволар желісі арқылы сенімді түрде ілгерілеп келеді. Астана мен Никосия қалаларында елшіліктеріміздің ашылуы жүйелі әрі нақты ықпалдастықтың берік институционалдық негізін қалайды. Сіздің Ларнака – Астана бағытындағы алғашқы әуе рейсімен ұшып келуіңіздің символикалық сипаты айрықша. Өйткені бұл екі елді жалғайтын тікелей әуе қатынасының іске қосылғанын көрсетеді. Қазіргі сауда көлемі экономикаларымыздың нақты әлеуетіне толық сай емес екенін түсінеміз. Сондықтан ортақ мақсатымыз – саяси ерік-жігерімізді нақты экономикалық нәтижеге айналдыру» деді Қазақстан Президенті.



Қасым-Жомарт Тоқаев Никос Христодулидиспен бірге ауқымды бизнес делегация келгеніне тоқталды. Бұл кипрлік компаниялардың елімізге қызығушылығы артып келе жатқанын байқатады. Осы орайда цифрландыру мен жасанды интеллект, логистика, қаржы, туризм және білім беру салаларындағы кооперацияны кеңейтуге баса мән беру қажет екені айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бүгінгі бизнес-форум мен Сауда палаталары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою іскерлік топтардың тікелей диалогын жолға қоюға септігін тигізеді. «Қазақстан кипрлік компаниялардың инвестиция құю және елімізде кәсіп ашу ниетін құптайды. Ел саясатының негізгі басымдықтарының бірі – бизнес пен инвесторларға қолайлы жағдай жасау. Кипр компаниялары инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда Үкіметіміздің нақты қолдауына арқа сүйей алады. Бұдан бөлек, парламентаралық байланыстар елдеріміздің ынтымақтастығына орнықты саяси-құқықтық негіз қалайды» деді Президент.

Никос Христодулидис Астанаға сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытудың маңызды кезеңі саналатынын жеткізді.

«Біз Орталық Азия мен Қазақстанның әлемде геосаяси тұрғыдан маңызды рөл атқаратынын білеміз. Қазақстан Еуропа Одағының стратегиялық серіктесі саналады. Кипр – Еуропа Одағына мүше мемлекет ретінде қазақстандық инвесторлар мен компаниялар үшін еуропалық нарыққа шығатын сенімді қақпа. Біз Еуропа Одағы стандарттарына толығымен сай келетін нақты іскерлік ортаны ұсынамыз. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, финтех, инвестициялық қорлар, кеме қатынасы, туризм, білім беру, жаңартылатын энергия және инфрақұрылым екіжақты ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына айнала алады. Бүгін «Астана» халықаралық қаржы орталығына баруды жоспарлап отырмын. Аталған орталықпен әріптестікті, әсіресе қаржы қызметтері мен «жасыл» қаржыландыру салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуде зор әлеует бар» деді Кипр Президенті.

Мемлекет басшысы нәтижелі экономикалық күн тәртібіне қол жеткізу үшін үкіметтер күшін үйлестіру маңызды деп санайды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Экономикалық ынтымақтастықтың 2028 жылға дейінгі жол картасын әзірлеуді ұсынды. Президент Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мен Іскерлік кеңес құру, сондай-ақ сауда делегацияларымен тұрақты алмасу жөнінде бастама көтерді.

Тараптар сауда, инвестиция, көлік-логистика, цифрлық коммуникация, жасанды интеллект және қаржы салаларындағы ықпалдастықты нығайту перспективасын талқылады. Сонымен қатар мәдениет, білім, спорт және туризм бағыттарындағы байланысты кеңейту мүмкіндігіне назар аударды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кипр Республикасының Президенті Никос Христодулидис жүргізген келіссөздер қорытындысы бойынша мемлекеттер басшыларының қатысуымен ресми делегациялар мүшелері келесі ведомствоаралық құжаттармен алмасты:

1. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен Кипр Республикасы Зерттеу, инновациялар және цифрлық саясат кіші министрлігі арасында ақпараттық коммуникациялық технологиялар, электрондық үкімет, ғарыш қызметі және киберқауіпсіздік салалары бойынша ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум;

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Кипр Республикасы Мәдениет кіші министрлігі арасында мәдени ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Кипр Республикасы Білім, мәдениет, спорт және жастар министрлігі арасында білім және ғылым салаларындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

4. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі мен Кипр Республикасы Білім, спорт және жастар министрлігі арасында спорт саласы бойынша өзара түсіністік туралы меморандум;

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы сауда палатасы мен Кипр Республикасы Сауда-өнеркәсіп палатасы арасындағы инвестициялық және іскерлік перспективаны нығайту бойынша ынтымақтастық туралы келісім.

«ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Кипр Президенті Никос Христодулидисті I дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Қасым-Жомарт Тоқаев Кипр Президентінің Қазақстанға алғашқы тарихи сапары екіжақты ынтымақтастықты дамытудың маңызды кезеңі саналатынын атап өтіп, Никос Христодулидистің елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

«Мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды көздеген ниетіңіз үшін Сізге шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіз. Қазақстандықтар Сізді айнымас дос әрі халықаралық деңгейдегі беделді мемлекеттік қайраткер ретінде таниды. Белсенді қызметіңіздің арқасында өзара сенім, саяси диалог және ынтымақтастығымыз нығая түсті. Ортақ күш-жігер арқылы қарым-қатынасымызға тың серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашамыз деп сенемін. Қазақстан мен Кипр арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қосқан елеулі үлесіңізге шексіз құрметтің белгісі ретінде Сізге I дәрежелі «Достық» орденін табыстау жөнінде шешім қабылдадым. Бұл орден атауы айтып тұрғандай, достықты, Қазақстан мен Сіздің еліңіздің арасындағы қарым-қатынастың негізі саналатын сенім мен серіктестік рухын сипаттайды. Жауапты мемлекеттік қызметіңізге табыс тілеймін! Достас Кипр халқының игілігі мен өркендеуі жолында жетістіктерге жете беріңіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кипр Президенті жоғары наградаға табыстағаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

«Марапатты екі ел арасындағы достықтың нышаны ретінде Кипр халқының атынан қабыл аламын. Бұл – мен үшін зор мәртебе. Бүгінгі сапар перспективті салалардағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету жолындағы ортақ мүдде мен мықты саяси ерік-жігерімізді паш етеді» деді Никос Христодулидис.

РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАСАЛАДЫ

Қазақстанда алғаш рет әкімшілік рақымшылық жасалады. Мәжіліс тиісті заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Алдын ала жүргізілген есепке сәйкес, әкімшілік рақымшылық Ішкі істер министрлігі бағыты бойынша шамамен 1 миллион айыппұлды қамтиды. Қазіргі кезеңде рақымшылық жасау тек әкімшілік айыппұлдарға ғана қолданылады. Ол қайталанған құқық бұзушылықтарға және соттардың қарауындағы істерге қолданылмайды.

Әкімшілік рақымшылық жасау соттар салған айыппұлдарға, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікке, азаматтардың өмірі мен денсаулығына және мемлекеттік мүддеге қатер төндіретін құқық бұзушылықтар үшін салынған айыппұлдарға қолданылмайды. Атап айтқанда, жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы құқық бұзушылықтар қамтылмайды.

Бірыңғай тізілім болады. Жүйе рақымшылық жасауға жататын тұлғалардың тізбесін автоматты түрде қалыптастырады. Шешімдер электрондық форматта қабылданып, уәкілетті лауазымды тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Рақымшылық жасау қолданылғаннан кейін азаматтар цифрлық сервистер мен SMS-хабарламалар арқылы хабардар етіледі. Бұл үшін мемлекеттік органдарға жеке жүгіну талап етілмейді.





ӘКІМ ҚАБЫЛДАҒАН ӘМІРЕ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек танымал бейнероликтің кейіпкері – үш жасар Әміреге Мемлекет басшысының Алғыс хатын табыс етті.

«Халықаралық балаларды қорғау күні LRT-ға алғаш мінген сәті түсірілген бейнероликтің кейіпкері – үш жасар Әміремен кездестім. Қазақстандықтардың көбі Әміренің LRT оны ел Президентімен кездесуге апаратынына шынайы сенген видеосын тамашалады. Оның балалық аңғалдығы, кіршіксіз көңілі мен қарапайымдылығы көпшілікті баурап алды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Әміреге Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын, сондай-ақ естелік сыйлықтар табыстадым. Мұндай сәттер арманыңа қанат бітіріп, жақсылыққа сенуді, өмірдің әрбір қарапайым сәтіне балаша қуана алу қасиетін жоғалтпау керектігін тағы бір мәрте еске салады. Мына әлемді балалардың пәк күлкісі мен шынайы сезімі нұрландыра түседі. Әміреге мықты денсаулық, арман-дарының орындалғанын және шаттыққа толы бақытты балалық шақ тілеймін!» деді Жеңіс Қасымбек.



ДАҢҒЫЛДАҒЫ ЖАҢА ГҮЛЗАР

Астана қаласының Алматы ауданына қарасты Р.Қошқарбаев даңғылында жаңа гүлзар пайдалануға берілді. Жаңа қоғамдық кеңістік қала тұрғындарының демалыс және серуендеу орындарының біріне айналмақ.

Гүлзар аумағында кешенді абаттандыру жұмысы жүргізілген. Атап айтқанда, жаяу жүргіншілер жолдары төселіп, тіреу қабырғалары салынды. Сонымен қатар тұрғындардың жайлы демалысы үшін арнайы аймақтар жабдықталып, шағын сәулет нысандары орнатылды. Жобаның жүзеге асырылуы туралы Астана қаласы Алматы ауданы абаттандыру бөлімінің басшысы Данияр Қожахметов мәлімдеді. Оның айтуынша, гүлзар жобасы Урбанистика орталығымен бірлесе әзірленіп, аудан әкімдігімен келісілген. Нысан үш апта ішінде салынып, пайдалануға берілген.

– Өткен жылы ауданда 15 қоғамдық кеңістік абаттандырылса, биыл 10 нысанды жаңарту жоспарланған. Қазіргі уақытта олардың 4-еуі, соның ішінде осы гүлзар да пайдалануға берілді. Қалған нысандар бойынша жұмыс жалғасуда, – деді Данияр Қожахметов.

Ашылу рәсіміне Астана қаласы Алматы ауданы әкімінің орынбасары Мақсат Тасболат қатысып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті. Мерекелік іс-шара барысында балаларға арнайы ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды. Бүлдіршіндердің көңілін көтеру үшін алып ақ аю кейіпкері шақырылып, балаларға тәттілер мен балмұздақ таратылды. Тұрғындар жаңа гүлзардың ашылуына ризашылығын білдіріп, абаттандыру жұмысына оң бағасын берді.



РӘМІЗДЕРІМ – МАҚТАНЫШЫМ

Бас қаладағы №6 балалар кітапханасы мен №86 «Зияткер» балабақшасының бірлесіп ұйымдастыруымен «Рәміздерім – мақтанышым» мерекелік көрмесі мен мәнерлеп оқу кеші өтті. Жиынның мақсаты – балаларға мемлекеттік рәміздерді таныстыру, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу және шығармашылық қабілетін дамыту.



Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараға 50 бала қатысып, олар мемлекеттік рәміздер тақырыбында жасаған шығармашылық жұмыстарын, суреттері мен қолөнер бұйымдарын көрермен назарына ұсынды. Көрме «Менің туым», «Қазақстан – менің Отаным», «Елтаңба – ел белгісі», қолөнер жұмыстары, аппликация және суреттер бойынша бірнеше бағыттан тұрды. Сонымен қатар балалар туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіріп, отансүйгіштікке арнаған өлең-шумақтарын мәнерлеп оқыды. Балаларға рәміздер туралы бейнеролик көрсетіліп, бүлдіршіндер хормен «Тәуелсіз ел ұраны» әнін орындады. Іс-шара – олардың патриоттық сезімін оятып, шығармашылық әлеуетін көрсетуге тамаша мүмкіндік.

– Жиын барысында тек балалар ғана емес, кітапхана қызметкерлері де мемлекеттік рәміздердің тарихы мен авторлары туралы қызықты деректермен бөлісті. Кітап көрмесіне рәміздерге, Отанға, туған жерге арналған кітаптар мен танымдық әдебиеттер қойылды. Балалар көрмемен танысып, кітаптардағы иллюстрациялар арқылы білімін толықтырды. Ең бастысы, олар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу әр азаматтың қасиетті борышы екенін түсініп, елге деген мақтаныш сезімі артты. Мұндай іс-шаралардың тек осындай атаулы күнде ғана емес, басқа уақытта да жиі өтіп тұрғаны жөн, сонда ел ертеңі болар кішкентай балаларымыз отансүйгіш, патриот болып өседі, – деді №86 «Зияткер» балабақшасының әдіскері Құралай Әбілдаева.

Жиын соңында Қосымша білім беру орталығының әдіскері Айнұр Әмірханова белсенді қатысқан балаларды «Үздік мәнерлеп оқушы», «Көрермен көзайымы», «Шығармашыл қатысушы», «Жас патриот» аталымы бойынша марапаттады.



БАЛАҚАЙЛАР МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАЛДЫ

Елордада балаларды мектепке сапалы даярлауға бағытталған «Балақайлар мектебі» жобасы өз жұмысын бастады. Ол мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында жүзеге асып, болашақ 1-сынып оқушыларының жаңа білім беру ортасына сәтті бейімделуіне жағдай жасауға бағытталған.

«Балақайлар мектебі» бағдарламасы 2026 жылдың маусым-тамыз айлары аралығында өтеді. Оған мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен жалпы орта білім беру ұйымдары белсенді қатысуда. Жазғы кезеңде бағдарламаға 42 балабақша жұмылдырылып, 42 топта жалпы 449 тәрбиеленуші қамтылады. Маусым айында 18 балабақшада 184 бала, шілде айында 19 балабақшада 212 бала, ал тамыз айында 5 балабақшада 53 бала оқумен қамтылады. Бағдарламаны жүзеге асыруға барлығы 42 педагог жұмылдырылған. Орта білім беру ұйымдары бойынша «Балақайлар мектебін» 116 мектеп ұйымдастырады. Маусым айында бағдарламаға жалпы 4533 бала қатысады. Оның ішінде 3060 бала қазақ тілінде, 1473 бала орыс тілінде оқиды. Қатысушылардың басым бөлігі – мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған балалар. Олардың жалпы саны – 3953. Оның ішінде 2712 бала қазақ тілінде, 1241 бала орыс тілінде білім алады. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған 555 бала да бағдарламаға тартылып отыр. Оның ішінде 263 бала қазақ тілінде, 292 бала орыс тілінде оқиды. Аталмыш бағдарлама мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастықты нығайтып, балалардың жаңа ортаға сенімді қадам жасауына мүмкіндік береді, сондай-ақ болашақ оқушылардың жауапкершіл, дербес, зейінді әрі ынталы болып өсуіне ықпал етіп, мектеп өміріне сәтті бейімделуіне жағдай жасайды.

BALA ENERGY OPEN-AIR ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының ұйымдастыруымен Bala energy open-air фестивалі өтті. Балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды мақсат еткен іс-шара жасөспірімдер мен оқушылардың басын қосты.

Ашық аспан астындағы мерекелік іс-шара аясында балалар үшін спорт жарысы, шығармашылық көрме, шеберлік сабағы мен концерт қойылымы ұйымдастырылды. Сондай-ақ қатысушылар түрлі ойын-сауық және еркін шығармашылық алаңдарда, интерактивті ойын мен фотоаймақтарда өнерін сынап көрді.

– Біз қаланың жағалау аймағында орналасқандықтан, игі дәстүрді 38 жылдан бері жалғастырып келеміз. Жыл сайын мерекелік бағдарлама жаңарып, түрлі шығармашылық ұжым қатысады. Балалар мен жетекшілер оған жыл бойы дайындалады. Мақсатымыз – балаларға Оқушылар сарайында жұмыс істейтін көптеген үйірме мен секция туралы кеңінен таныстыру. Бүгінде фестиваль аумағы бірнеше тақырып аймағына бөлінген. Мысалы, өнер аймағында жыл бойы шығармашылықпен айналысқан балалардың дайын жұмысы көрмеге қойылды, – деді М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайының директоры Алмагүл Жапарова.



№65 (4963) 04/06/2026 Бейсенбі



ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Жылдағы дәстүр бойынша биыл да жаздың алғашқы күнінде елордада шомылу маусымы ресми түрде ашылды. Ол 1 маусымнан 31 тамызға дейін жалғасады.



Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Жаздың аптап ыстығында өзен-көл жағасына барып, суға шомылу – тұрғындар үшін демалудың ең кең таралған тәсілдерінің бірі. Әсіресе ойын балалары жағажайларға барып, суға түсуге әуес. Осы мезгілде елордалықтар мен қала қонақтарының қай жерлерде шомылып, демалуына болатыны, Астанада қандай жағажайлар қарастырылғаны және судағы қауіпсіздік мәселелері туралы қалалық коммуникациялар қызметі алаңында «Су айдындарындағы қауіпсіздік және шомылу маусымына дайындық» тақырыбында өткен баспасөз мәслихаты барысында елордалық Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Ренат Смағұлов мәлімдеді.

Қазіргі уақытта Астана қаласында шомылуға рұқсат етілген 5 орын белгіленген.

– Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен су объектілерінде азаматтардың жаппай демалуы үшін 5 ресми жағажай аймағы анықталды. Олардың қатарында Орталық саябақ аймағындағы жағажай, Ш.Бейсекова көшесіндегі көпірдің жанындағы коммуналдық жағажай, сондай-ақ Көктал-1 тұрғын алабындағы «Три пескаря», «Армина» және Күйгенжар тұрғын алабындағы «Столичный двор» жағажай аймақтары бар. Аталған аумақтар белгіленген талаптарға сәйкес келеді және шомылу маусымында азаматтардың қауіпсіз демалуына арналған. Елорда су айдындарының қалған учаскелері – рұқсат етілмеген және шомылуға тыйым салынған аумақ, – деді басқарма басшысы.

Қала тұрғындары мен қонақтарына ыңғайлы болу үшін рұқсат етілген демалыс орындары туралы ақпарат 2GIS картография платформасында орналасқан.

Жабдықталған жағажайларда құтқару бекеттері, медицина пункттері, құтқару құрал-жабдықтары, ақпараттық стендтер, қалқымалы қоршаулар, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіз демалуы үшін қажет жағдайлар қарастырылуы тиіс. Жүргізіліп жатқан жұмыстың негізгі міндеті – шомылу маусымы кезінде адамдардың өлімі мен жарақаттануын болдырмау, сондай-ақ су объектілерінде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру. Су объектілеріндегі ықтимал төтенше жағдайларға жедел ден қоюды қамтамасыз ету үшін тәулік бойы кезекшілікте 30 құтқарушы-сүңгуір, сондай-ақ арнайы сүңгуір жабдықтарымен жарақтандырылған жедел-құтқару техникасының 2 бірлігі және 8 жүзу құралы жұмылдырылған.

– Құтқарушылар күн сайын жағдайды бақылау және ықтимал оқиғаларға уақытылы ден қою үшін қайықтарды пайдалана отырып, Есіл өзенінің арнасына патрульдеу жүргізеді. Сонымен қатар акваториялардың ықтимал қауіпті учаскелерінде жүзу құралдарымен жабдықталған 3 мобильді бекеттің жұмысы қосымша ұйымдастырылды. Осы шараларды іске асыру шомылу маусымы кезеңінде азаматтардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған. Судағы оқиғалардың алдын алу мақсатында Төтенше жағдайлар департаменті аудан әкімдіктерімен бірлесіп, халықты ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізуде, – деді Ренат Смағұлов.

Су айдындарының жабдықталмаған және қауіпті учаскелерінде рұқсат етілмеген жерлерде шомылуға тыйым салатын ақпараттық стендтер мен ескерту белгілері орнатылған. Сонымен қатар балалармен және жастармен профилактика жұмыстарына ерекше назар аударылады. Елорданың мектептерінде, колледждерінде және жоғары оқу орындарында жазғы демалыс кезінде қауіпсіздік мәселелері бойынша интерактивті сабақтар мен оқыту іс-шаралары өтеді.

– Құтқарушылар су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзу Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 364 және 412-баптарына сәйкес әкімшілік жауапқа әкеп соғатынын еске салады. Мәселен, өткен жылдың жазғы маусымында ТЖД мен полиция қызметкерлерінің бірлескен рейді барысында осындай аймақтарда құқық бұзушыларға қатысты 176 әкімшілік хаттама толтырылған, – деді басқарма басшысы.

ТЖД дерегінше, судағы жазатайым оқиғалардың көпшілігі жабдықталмаған және шомылуға тыйым салынған аумақтарда орын алады. Өткен жылдың жаз мезгілінде елорданың су айдындарында 3 адам суға батып кетті, олардың 2-уі кәмелетке толмаған. Барлық жағдай жаппай демалуға және шомылуға арналмаған жерлерде тіркелді. Қайғылы оқиғалардың негізгі себептерінің ішінде мамандар тыйым салынған жерлерде шомылуды, азаматтардың мас күйінде суға түсуін, сондай-ақ ересектердің балаларға тиісті бақылауының болмауын атап көрсетеді. Судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамау да маңызды фактор болып қала береді. Департамент өкілдері елорда тұрғындары мен қонақтарын су айдындарының жанында демалу кезінде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Мамандар қарапайым сақтық шараларын қолдану арқылы жазатайым оқиғалардың көпшілігінің алдын алуға болатынын атап өтті.

Статистикаға сәйкес, 2024 жылы шомылу маусымында елорданың су айдындарында 4 адам суға батып кетті, оның ішінде 1 жасөспірім болды, ал 2023 жылы 7 адам қайтыс болды, оның ішінде кәмелетке толмаған бала да бар. Осындай қайғылы жағдайлардың бәрі де су айдындарының тыйым салынған және жабдықталмаған аумақтарында болған. Азаматтарға тек арнайы жабдықталған және рұқсат етілген жерлерде демалуға және шомылуға кеңес беріледі. Сондай-ақ мас күйде суға түспеу керек, өйткені бұл қауіпті жағдайлардың пайда болу қаупін едәуір арттырады. Белгіленген шектеулерді сақтау, қалқымалар мен қоршаулардан әрі жүзбеу, сондай-ақ көпірлерден, жүзу құралдарынан және шомылуға арналмаған басқа да құрылыстардан суға секірмеу қажет. Бастысы, балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аудара отырып, оларды судың жанында қараусыз қалдырмау секілді қарапайым ережелерді сақтау қайғылы салдардың алдын алады және шомылу маусымы кезінде қауіпсіз демалуды қамтамасыз етеді.

ЖАҢАРҒАН АУЛА АШЫЛДЫ

Балалар мерекесіне орай Астана қаласының Байқоңыр ауданында жаңадан абаттандырылған ауланың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Жаңарған аула тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз демалысына жағдай жасап, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.



Райхан РАХМЕТОВА

Республика даңғылы, 2/2 мекенжайында орналасқан ауланы абаттандыру барысында балаларға арналған ойын алаңдары орнатылып, спортпен шұғылдануға қолайлы аймақтар жабдықталды. Сонымен қатар тұрғындардың жайлы демалысы үшін орындықтар қойылып, аумақты көркейту жұмысы жүргізілді.

Мерекелік іс-шара барысында балалар үшін ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылып, түрлі байқаулар мен қызықты ойындар өтті. Кішкентай тұрғындар көтеріңкі көңіл күй сыйлаған мерекеге белсенді қатысып, жаңа алаңның игілігін көрді.

– Қазіргі аула орнында бұрын бір орындық қана тұратын. Қаңғыбастар көп жиналып отыратын. Сол сүреңсіз жерді, міне, керемет ойын алаңына айналдырғанына тұрғындардың қуанышында шек жоқ. Осы мекенжайдағы үйде 1983 жылдан бері тұрамын. Содан бері 40 жылдан асып кетіпті. Соңғы жылдары Астанада үйлердің айналасын абаттандыру жұмысы көп жүргізілетініне куә болып қуанушы едім. Көптен күткен бұл қуаныш біздің үйдің жанына да келді, әкімдікке алғысымыз шексіз, халықтың өтінішіне құлақ асып, балалар үшін жайлы жағдай жасауда, – дейді аудан тұрғыны Ғабит Мамыраев.

Аула аумақтарын жаңғырту және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру жұмысы Байқоңыр ауданында жүйелі түрде жалғасуда. Бұл бастамалар елорда тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада демалуына бағытталған.

– Балалардың бақытты балалық шағы мен қауіпсіздігі – бәріміз үшін үлкен жауапкершілік пен міндет. Сол мақсатта ашылып отырған осы аулада балақайлар шаттыққа бөленіп, бір-бірімен дос болып, қызықты сәттерін өткізе берсін, жаңа аула олардың жазғы демалысын тиімді пайдалануына септік етсін, – деді Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Нұрбол Айтбеков.

Айта кетейік, биыл Байқоңыр ауданында барлығы 70 аула аумағы абаттандырылады. Оның 20-сы кешенді абаттандырылса, 50-інде жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі. Осыған дейін кешенді абаттандырылған аулалардың 6-уы бойынша жұмыс толығымен жүргізіліп, тұрғындар игілігіне берілді.



САЛЫҚ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ ҚАЖЕТ

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті кәсіпкерлерге салық заңнамасының бақылау-касса машиналарын қолдану бөлігіндегі талаптарын сақтау қажеттігін еске салады.



Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілері тауар, жұмыс және көрсетілетін қызмет үшін ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдануға міндетті.

Заманауи бақылау-касса машиналарын пайдалану операциялар есебін автоматтандыруға, фискалдық чекті беру арқылы тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заңнамаға сәйкес бұл аппараттарды қолдану міндетінен жекелеген санаттағы тұлғалар босатылған. Олардың қатарына адвокаттар, жеке сот орындаушылары, кәсіби медиаторлар, діни бірлестіктер, екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, сондай-ақ есеп айырысуларды жүргізуге арналған арнайы мобильді қосымшаны пайдаланушылар жатады.

Телекоммуникация инфрақұрылымы шектеулі елді мекендерде қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерге ерекше назар аударылады. Мұндай жағдайларда деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналарын пайдалануға рұқсат етіледі, бұл тұрақты байланыс болмаған жағдайда да кәсіпкерлік қызметті жүргізуге мүмкіндік береді.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті кәсіпкерлерді салық заңнамасының талаптарын сақтауға шақырады. Сатып алушының фискалдық чекті алуы жүргізілген операцияның заңдылығын растайды, ашық салық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың маңызды құралы саналады.

ГЕРАЛЬДИКА – РӘМІЗДЕР ЖҮЙЕСІ

Бүгін – Мемлекеттік рәміздер күні. Осыған орай рәміздер әлемінің терең қатпарларын зерделеп жүрген белгілі геральдист-ғалым, Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Сараптамалық кеңестің сарапшысы Айдын Рысбекұлымен өрбіген сұхбатты ұсынамыз.



– Айдын мырза, геральдика тек рәміздерді ғана зерттей ме, әлде елтаңбаларды да қамти ма?

– Геральдика ең алдымен елтаңбаларды (гербтерді) зерттейтін ғылым ретінде қалыптасқан. Яғни оның тарихи өзегі – гербтер жүйесі, олардың құрылымы, элементтері мен мағынасы. Елтаңбадағы қалқан, түстер, бейнелер мен композиция құрылымы – барлығы – геральдиканың негізгі зерттеу нысаны. Алайда қазіргі ғылыми түсінікте геральдиканың аясы айтарлықтай кеңейді. Бүгінде ол тек елтаңбалармен шектелмей, жалпы рәміздер жүйесін қамтитын кешенді ғылымға айналды. Бұл тұрғыда «символ» – рәміз, «символика» – рәміздік жүйе, ал «символдық бейне» – рәміздік бейне ретінде қарастырылады. Сондықтан геральдика әрбір рәмізді тарихи, мәдени, құқықтық және семиотикалық қырынан кешенді түрде зерттейді.

– Бүгін біз қоғамда көп айтыла бермейтін, бірақ мемлекет үшін аса маңызды сала – ресми геральдика туралы сөз қозғаймыз. Алдымен, ресми геральдика дегеніміз не?

– Ресми геральдика – мемлекеттік билік органдары немесе уәкілетті мекемелер бекітетін, заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілермен айқындалған тәртіпте қолданылатын рәміздер жүйесі. Алайда оны тек сыртқы көркем белгілер жиынтығы ретінде қабылдау – үстірт түсінік. Шын мәнінде, ресми геральдика – құқықтық сана, тарихи жады және мәдени код тоғысқан күрделі семиотикалық кеңістік.

– Яғни әрбір рәміздің артында терең мазмұн жатыр ғой?

– Әрине. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасындағы бейнелер кездейсоқ таңдалған элементтер емес, олардың әрқайсысы терең тарихи-мәдени және дүниетанымдық мазмұнға ие. Мәселен, шаңырақ – ортақ үйдің, мемлекеттің тұтастығы мен халық бірлігінің рәмізі. Ол тек архитектуралық элемент емес, ұрпақ сабақтастығын, кеңістік пен уақыттың бірлігін білдіретін философиялық ұғым. Қыран – еркіндік пен асқақ мұраттың, биік рух пен тәуелсіздікке ұмтылыстың белгісі. Ол – кең дала өркениетінің дүниетанымымен астасып жатқан тарихи бейне. Ал күн – өмір мен өркендеудің, энергия мен дамудың әмбебап философиялық рәмізі. Оның шуағы мемлекет пен қоғамның болашаққа ұмтылысын бейнелейді. Бұл рәміздер – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымның ықшамдалған, жинақталған көрінісі. Сондықтан рәміз – жай ғана бейне емес, тарихи жадының, рухани кодтың және ұлттық болмыстың көркем тілге айналған формасы.

– Мемлекеттік геральдиканың орны қандай?

– Мемлекеттік геральдика – мемлекеттің тәуелсіздігін және конституциялық негіздерін білдіретін ең жоғары деңгейдегі рәміздер жүйесі. Ол – тек көрнекі белгілер жиынтығы емес, саяси легитимділік пен ұлттық бірлік идеясын тұтастандыратын идеологиялық-мәдени құрылым. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы және Гимні – осы жүйенің негізгі өзегі. Бұл рәміздер арқылы мемлекет өзінің тарихи тамырын, қазіргі болмысын және болашаққа бағытталған стратегиялық мұратын айқындайды. Мысалы, тудағы көгілдір түс – бейбітшілік пен ашық аспанның белгісі ғана емес, сонымен қатар түркілік дүниетанымдағы «көк» ұғымымен сабақтас терең мәдени код. Ал ортасындағы күн бейнесі – өміршеңдік пен өркендеудің әмбебап символы ретінде қабылданады. Елтаңбадағы пырақтар – еркіндікке ұмтылыс пен тарихи сабақтастықтың көркем бейнесі. Шаңырақ бейнесі мемлекеттің тұтастығы мен бірлігін білдіретін орталық рәміздік өзек ретінде ерекше мәнге ие. Осылайша, мемлекеттік геральдика тек ресми рәміздер жүйесі емес, ол – ұлттың тарихи санасын, рухани болмысын және мемлекеттік идеясын жинақтаған тұтас символдық кеңістік.



– Қазақстандағы геральдика ғылымы толық қалыптасты деп айтуға бола ма?

– Толық қалыптасты деп айтуға әлі ерте. Иә, мемлекеттік, ведомстволық және әскери деңгейде белгілі бір жүйелілік қалыптасқан, негізгі қағидалар мен тәжірибелік үлгілер орныққан. Бұл бағыттарда рәміздер заңнамалық тұрғыдан бекітіліп, олардың қолданылу тәртібі біршама реттелген.

– Өңірлік геральдикадағы негізгі мәселе қандай?

– Өңірлік геральдикадағы ең өзекті мәселе – ортақ ұлттық геральдикалық стандарттың болмауы. Соның салдарынан әр өңір өз рәмізін әртүрлі тәсілмен қалыптастырып, бірізді жүйе орнықпай отыр. Бұл – тек көркемдік айырмашылық емес, рәміздердің мазмұндық тұтастығына тікелей әсер ететін фактор. Айталық, бір өңірдің рәмізінде классикалық геральдикалық қалқан пішіні, түстердің дәстүрлі үйлесімі мен композициялық тәртіп сақталса, басқа бір өңірде логотиптік, заманауи дизайн тәсілдері басым келеді. Соның нәтижесінде бір жерде тарихи-рәміздік мазмұн терең әрі жүйелі көрініс тапса, енді бір жерде визуалды жаңашылдық алдыңғы орынға шығып, рәміздің идеялық салмағы әлсірейді. Мысал ретінде, Жетісу өңірінің рәмізінде дәстүрлі геральдикалық құрылым элементтері айқын байқалса, Абай өңірінің рәмізінде қазіргі графикалық шешімдер басымырақ көрінеді. Бұл айырмашылықтар табиғи құбылыс болғанымен, олар бірыңғай стандарттың жоғынан жүйесіздікке ұласып отыр. Нәтижесінде рәміздердің ортақ мағыналық кеңістігі бұзылып, ұлттық геральдика жүйесінің тұтастығы әлсірейді. Сондықтан өңірлік геральдиканы ғылыми негізде біріздендіру – бүгінде маңызды міндеттің бірі.

– Ал ведомстволық және әскери геральдикада жағдай қалай?

– Бұл салаларда жүйелілік пен тәртіп салыстырмалы түрде жақсы сақталған. Мемлекеттік органдар мен күштік құрылымдардың рәміздері белгілі бір геральдикалық қағидаларға сүйене отырып жасалады және олардың қызметтік ерекшелігін нақты бейнелейді. Мысалы, құқық қорғау органдарының рәміздерінде қалқан, жұлдыз, қылыш сияқты элементтер жиі қолданылады. Қалқан – қорғау мен қауіпсіздікті, қылыш – тәртіп пен күшті, ал жұлдыз – қызметтік мәртебе мен жауапкершілікті білдіреді. Осылайша әрбір рәміз – белгілі бір мекеменің миссиясын, құзыретін және кәсіби бағытын кодтайтын мағыналық жүйеге айналады. Әсіресе әскери геральдикада тәртіп пен дәстүр қатаң сақталады. Әскери бөлімдердің тулары, айырым белгілері мен эмблемаларында олардың тарихи жолы, жауынгерлік жетістіктері және ерлік дәстүрі көрініс табады.

– Құқықтық геральдика және құқықтық-нормативтік геральдика қандай рөл атқарады?

– Құқықтық геральдика – сот, прокуратура және құқық қорғау органдарының рәміздері арқылы олардың беделін, мәртебесін және қызметтік миссиясын айқындайтын маңызды сала. Мұндай рәміздер – тек айырым белгі ғана емес, құқық үстемдігі мен әділеттілік қағидаларын бейнелейтін мазмұндық құрал. Мысалы, сот рәміздерінде жиі қолданылатын таразы бейнесі – әділ шешім мен теңдік ұғымының әмбебап көрінісі, ал қалқан бейнесі – заң мен тәртіпті қорғау идеясын білдіреді. Ал құқықтық-нормативтік геральдика – рәміздердің құқықтық өмірін реттейтін жүйе. Бұл сала рәміздерді бекіту, тіркеу, ресми қолдану, қорғау және оларды заңсыз пайдалануға жол бермеу тәртібін анықтайды.

– Парламенттік геральдика және мәслихаттық геральдика қалай түсіндіріледі?

– Парламенттік және өкілді, яғни мәслихаттық геральдика мемлекеттік биліктің өкілдік сипатын көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, парламенттік геральдика – жоғарғы заң шығарушы органдардың рәміздерін қамтитын сала. Бұл рәміздер мемлекеттегі заң шығару билігінің мәртебесін, оның конституциялық негізін және саяси легитимділігін білдіреді. Мысалы, парламентке тән рәміздерде мемлекеттік биліктің тұрақтылығы, заң үстемдігі және ұлттық бірлік идеялары көрініс табады. Ал мәслихаттық геральдика жергілікті өкілді билік органдарының рәміздік жүйесін білдіреді. Мұнда нақты өңірдің мүддесін білдіретін, жергілікті басқару ерекшелігін айқындайтын рәміздер қалыптасады. Мысалы, мәслихат рәміздерінде сол аймақтың тарихи-мәдени болмысы, қоғамдық келісім және өңірлік басқару идеясы бейнеленуі мүмкін. Осы екі бағыт та мемлекеттік басқару жүйесінің өкілдік тармағын рәміздік тұрғыда айқындап, биліктің легитимділігі мен қоғамдық сенімін нығайтуға қызмет етеді.

– Дипломатиялық геральдиканың маңызы қандай?

– Дипломатиялық геральдика – мемлекеттің халықаралық кеңістіктегі көрінісін айқындайтын аса маңызды сала. Бұл тек елшіліктердің мөртаңбалары мен ресми белгілері ғана емес, мемлекет беделін, саяси мәдениетін және дипломатиялық дәстүрін танытатын рәміздік жүйе. Мәселен, шетелдегі елшіліктердің мандайшаларында, ресми құжаттарында және дипломатиялық хат алмасуда қолданылатын рәміздер сол елдің егемендігін, құқықтық мәртебесін және халықаралық деңгейдегі орныққан бейнесін білдіреді. Әрбір белгі – елдің өзін қалай танытатынының көрінісі. Бұл салада протоколдық дәлдік пен халықаралық талаптарға сәйкестік ерекше маңызға ие. Себебі дипломатиялық кеңістікте қолданылатын әрбір рәміз тек ішкі мәнге ғана емес, сыртқы қабылдауға да әсер етеді. Қате немесе үйлесімсіз қолданылған рәміз мемлекеттің имиджіне нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан дипломатиялық геральдика – ұлттық рәміздерді халықаралық деңгейде дұрыс, дәл әрі беделді түрде ұсынудың маңызды құралы.

– Қазақстандағы геральдиканың басты түйткілдері қандай?

– Негізгі мәселе – құқықтық базаның толық жүйеленбеуі. Қазіргі таңда бірыңғай ұлттық геральдикалық стандарт қалыптаспаған, рәміздерді бекіту тәртібі әр өңірде әртүрлі жүзеге асады, ал олардың қолданылу регламенті көбіне толық айқындалмаған. Бұл жағдай тәжірибеде нақты қиындықтар туындатады. Кейбір өңірлерде рәміздер ресми түрде қабылданғанымен, оларды пайдалану, қорғау және насихаттау тәртібі нақты белгіленбейді. Соның салдарынан рәміздер кейде орынсыз қолданылып, олардың мәртебесі мен мағыналық салмағы төмендейді. Мысалы, Семей қаласының рәмізі 2022 жылы мәслихат шешімімен бекітілгенімен, оны пайдалану және қолдану тәртібі әлі күнге дейін толық регламенттелмеген. Бұл – жекелеген жағдай емес, геральдикалық жүйедегі жалпы институционалдық олқылықтың көрінісі. Осы мәселені шешу үшін рәміздерді бекітумен қатар, олардың құқықтық мәртебесін нақтылайтын, қолданылу тәртібін айқындайтын және бірыңғай стандартқа негізделген кешенді жүйе қалыптастыру қажет.

– Оны қалай шешуге болады?

– Біріншіден, ұлттық геральдикалық стандарт қажет. Екіншіден, ғылыми-сараптамалық кеңес құрылуға тиіс. Үшіншіден, құқықтық реттеуді күшейту керек. Сонда ғана рәміздер жүйесі бірізді, мазмұнды әрі халықаралық талаптарға сай деңгейге көтеріледі.

– Геральдиканың келешегі туралы не айтар едіңіз?

– Геральдика – өткеннің қалдығы емес, болашақтың негізі. Егер біз рәміздерді ғылыми тұрғыдан қалыптастыра алсақ, ол ұлттық бірегейлікті нығайтып, елдің рухани тұтастығын күшейтеді. Рәміз – үнсіз сөйлейтін тарих. Ол – халықтың болмысын, жадын және арманын сөзсіз жеткізетін рухани тіл.

Сұхбаттасқан
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Нұртөре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ЕЛДІҢ НАМЫСЫ МЕН АБЫРОЙЫ

– Рәміздер күні – Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу тарихындағы ең маңызды даталардың бірі. Өйткені дәл осы күні еліміздің мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Әнұраны бекітіліп, жас мемлекеттің саяси-құқықтық болмысы айқындалды. Сондықтан бұл күнді тек мерекелік дата ретінде емес, Қазақстанның егемендік шежіресіндегі ерекше белес ретінде бағалауымыз керек.

Қазақстанның Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы мен Әнұраны – халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығының көрінісі. Бұл рәміздердің әрбір элементінде қазақ халқының дүниетанымы, мәдениеті, тарихи жады мен болашаққа деген сенімі көрініс тапқан.

Мәселен, көк Туымыздағы ашық аспан түстес көгілдір реңк – бейбітшілік пен тұрақтылықтың, ел бірлігінің белгісі. Алтын күн – өмір мен жасампаздықтың, береке мен молшылықтың нышаны, қыран бүркіт – еркіндікке ұмтылған асқақ рухтың символы. Тудың сабындағы ұлттық өрнек халқымыздың мәдени тамырының тереңдігін білдіреді.

Елтаңбадағы шаңырақ бейнесі де ерекше мәнге ие. Шаңырақ – қазақ дүниетанымындағы бірлік пен ынтымақтың, ортақ үйдің символы. Бүгінгі таңда Қазақстанда түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүріп келеді. Сондықтан Елтаңбадағы шаңырақ бейнесі тәуелсіз еліміздің қоғамдық келісім мен татулыққа негізделген даму моделін де білдіреді.

Ал Әнұран – халқымыздың рухын көтеретін, елдік сезімді күшейтетін ерекше құндылық. Халықаралық жарыстарда спортшыларымыз жеңіс тұғырына көтерілген кезде, Әнұранның шырқалуы миллиондаған азаматтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатады. Мұндай сәттер ұлтты біріктіретін рухани күшке айналады.

Бүгінде мемлекеттік рәміздердің маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Жаһандану жағдайында әрбір ел өзінің ұлттық болмысын, мәдени ерекшелігін сақтауға ұмтылады. Осындай кезеңде рәміздер – халықты ортақ құндылықтар төңірегіне топтастыратын маңызды фактор. Сондықтан Мемлекеттік рәміздер күні өткенге тағзым ететін немесе ресми шаралар өткізумен ғана шектелетін мереке емес. Бұл – тәуелсіздіктің қадірін ұғындыратын, азаматтардың мемлекет алдындағы жауапкершілігін арттыратын және жас ұрпақтың бойында патриоттық сана қалыптастыратын маңызды күн. Әрбір қазақстандық мемлекеттік рәміздер арқылы өзінің елмен тағдырлас екенін, Қазақстанның табысы мен болашағына ортақ жауапты екенін сезінуі тиіс.

№65 (4963) 04/06/2026 Бейсенбі

Мемлекет қазынасын толтырып, ел экономикасының қалтасын қампайтуға атсалысатын саланың бірі – туризм. Әсіресе табиғаты көркем, жері кең, климаты алуан түрлі, шөлі мен көлі қатар тұрған Қазақстан үшін бұл бағыттың маңызы ерекше. Осындай ерекшелік елімізді шетелдік саяхатшылар үшін тартымды етеді. Өйткені қыдырған ел тек демалыс қана емес, жанға жайлы ауа, сапалы қызмет, ерекше табиғат пен тарихи орындарды іздейтіні анық.



ТУРИЗМ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?





Шапағат ӘБДІР

Соңғы жылдары елімізде туризм саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның нәтижесінде Қазақстанға келетін шетелдік қонақтардың саны артып отыр. E-Qonaq жүйесінің деректеріне сәйкес, өткен жылы елімізге шамамен 16 миллион турист келген. Олардың басым бөлігі – 30 бен 50 жас аралығындағы шетел азаматтары. Сонымен қатар туризм саласына құйылып жатқан инвестиция көлемі де айтарлықтай артқан. 2025 жылдың қорытындысы бойынша салаға 1 трлн 256 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 32 пайызға көп. Демек мемлекет те, кәсіпкерлер де туризмнің болашағына сеніммен қарап отыр.

Қазақстандағы туристер ең көп баратын аймақтың бірі – Алматы облысы. Табиғаты әсем бұл өңір шетелдік қонақтарды ғана емес, отандық туристерді де ерекше қызықтырады. Мәселен, 2025 жылы «Іле Алатауы» ұлттық табиғи паркіне 945993 адам барған. Ал «Көлсай көлдері» ұлттық паркінде демалушылар саны 600026 адамға жетіп, көрсеткіш 51,8 пайызға артқан. Сонымен қатар табиғаттың таңғажайып ескерткіші саналатын Шарын шатқалында демалушылар саны екі есеге көбейіп, 249928 адамды құраған.

АСТАНАҒА ҚАНША МЕЙМАН КЕЛДІ?

Соңғы жылдары бас қаламыз туристер жиі келетін қалалардың біріне айналды. Былтыр Астанаға 1 миллион 600 мыңнан астам саяхатшы келген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 7 пайызға көп. Оның ішінде 400 мыңға жуық адам – шетелдік туристер. Басым бөлігі – Ресей, Қытай, Түркия, Өзбекстан және АҚШ азаматтары. Олар ең алдымен елорданың басты символы саналатын «Бәйтерек» монументі, тарихи музейлер, Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешіті, Ботаникалық бақ пен «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығына келеді. Енді ғана пайдалануға берілген LRT жүйесі де Астананың заманауи келбетін айқындап, туристер назарын өзіне аударып отыр. Astana Tourism орталығының мәліметінше, елордаға келген турист орта есеппен тәулігіне 118 мың теңге жұмсайды екен. Бұл қаражат қонақүй, тамақтану, көлік, сауда, ойын-сауық салаларына түседі. Соның арқасында былтыр Астанадағы қонақүйлер мен хостелдердің табысы 74 млрд теңгеге жеткен. Бүгінде Астанаға келетін туристердің тек 31 пайызы ғана іскерлік мақсатта келсе, қалған қонақтар демалу, мәдени іс-шараларға қатысу, сауда жасау және қаланың сәулетімен танысу үшін келеді. Сонымен қатар халықаралық форумдар, экология саммиттері мен әлемдік деңгейдегі іс-шаралар шетелдік меймандар ағынын көбейтуде.

ЖАЗДА ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

Жаз мезгілі басталысымен көпшілік демалысын тиімді өткізіп, табиғаты көркем жерлерге саяхаттауды жоспарлай бастайды. Соңғы жылдары Қазақстанда ішкі туризм қарқынды дамып, ел аумағындағы демалыс орындарына қызығушылық артып келеді. Әсіресе көл жағалауы, ұлттық парк пен курортты аймақ туристердің сүйікті бағытына айналған. Осыған байланысты мемлекет те жазғы туристік маусымға қызу дайындық жүргізді. ҚР Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитеті төрағасының міндетін атқарушы Нұрбол Байжановтың айтуынша, жазғы маусым қарсаңында еліміздің 8 негізгі туристік аймағында арнайы тексеру жұмысы жүргізілген. Олардың қатарында Алакөл, Балқаш көлі, Бурабай, Каспий теңізі жағалауы және Шығыс Қазақстандағы туристік бағыттар бар. Қазіргі таңда өңірлерде туристерге қолайлы жағдай жасау мақсатында құтқару бекеттері, санитария-гигиена нысандары, коммуналдық жағажайлар мен визит-орталықтар салынып жатыр. Сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздік шаралары күшейтіліп, бейнебақылау жүйелері кеңейтілуде. Әсіресе курортты аймақтардағы көлік қолжетімділігіне ерекше назар аударылуда. Жаз мезгілінде туристер саны күрт көбейетіндіктен, жол қатынасын жақсарту маңызды мәселеге айналған. Мәселен, Қарағанды облысында Балқаш көлі туристік кластерін дамыту жұмысы жалғасып жатыр. Онда әуежайды жаңғырту және жаңа әуе бағыттарын ашу көзделген. Ал Ақмола облысында Бурабай курортын жаңғырту жобасы жүзеге асырылуда. Демалыс аймағында автотұрақтар салынып, туристік инфрақұрылым нысандары дамып жатыр. Алматы облысында Қонаев қаласындағы коммуналдық жағажайларды жаңарту, жол желісін дамыту және ұлттық парктерді абаттандыру жұмысы қолға алынған. Сонымен қатар Жетісу өңіріндегі Алакөл жағалауының көлік қолжетімділігі жақсарып, Үшаралға әуе рейсі мен теміржол қатынасы күшейтілмек. Ал Маңғыстау облысында Каспий теңізі жағалауы бойындағы жағажайлар мен жағалау аумақтары жаңарып жатыр. Қауіпсіздік жүйелері күшейіп, сервис инфрақұрылымы кеңейтілуде. Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында да туристік кластерлерді дамыту жұмысы қарқын алған. Туристік нысандарға апаратын жолдар жөнделіп, жаңа қонақүйлер мен демалыс орындары салынып жатыр. Табиғи аймақтарды абаттандыру жұмысы да ұмыт болған жоқ. Бұдан бөлек, елімізде оқиғалық туризмге ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазіргі таңда республикалық іс-шаралар күнтізбесіне мәдениет, спорт және гастрономия бағытындағы 55 ірі іс-шара енгізілген.

ТАУ ТУРИЗМІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Жалпы елімізде туризм саласын дамытуға соңғы жылдары ерекше көңіл бөлініп келеді. Мемлекет тек туристер санын арттыруды ғана емес, көрсетілетін қызмет сапасын жақсартып, халықаралық талаптарға сай инфрақұрылым қалыптастыруды да басты назарда ұстап отыр. Осыған байланысты Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен Туризм саласын дамыту мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Жиында халықаралық қонақүй брендтерінің Қазақстан нарығындағы үлесін арттыру және еліміздің туристік әлеуетін шетелдік нарықта кеңінен насихаттау мәселелері басты назарға алынды. Сонымен қатар автотуризм, ат туризмі, гастрономия және MICE-туризм бағыттарын дамыту, туристік іс-шаралар күнтізбесін жетілдіру мен виза саясатын оңтайландыру жолы қарастырылды. Бұдан бөлек, аңшылық туризмінің мүмкіндігі мен оның дамуына кедергі келтіріп отырған мәселелер талқыланды. Ұлттық парктердегі экотуризмді дамыту, туристік жүктемені реттеу және тарихи-мәдени мұра нысандарын туристік айналымға енгізу мәселелері де кеңінен сөз болды. Сол жиында Almaty Superski жобасына да ерекше назар аударылды. Бұл бастама Алматы өңіріндегі тау туризмін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды жобалардың бірі ретінде бағалануда. Соңғы жылдары елімізге келетін туристер саны айтарлықтай өскен. Мәселен, 2024 жылы Қазақстанға 15,3 миллион адам келген. Ал ішкі туристер саны 10,5 миллионға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 900 мың адамға артқан. Бұл туризмнің ел экономикасындағы нақты өсім нүктесіне айналып келе жатқанын көрсетеді. Әсіресе табиғат, экология және тау туризміне қызығушылық күшейіп келеді. Қазақстанның көркем табиғаты мен ұлттық парктері саяхатшылар үшін тартымды бағытқа айналған. Тек 2024 жылдың өзінде ұлттық парктерге 2,8 миллион адам барған. Бұл – 2023 жылмен салыстырғанда 18 пайызға көп көрсеткіш.

«Бұрын мұндай демалысты арнайы туристер мен тау шаңғысына әуесқойлар жиі таңдаса, бүгінде табиғи аумақтар көпшілік жаппай баратын орынға айналды. Адамдар ол жерге демалыс күндері жаяу жүру үшін, белсенді демалыс және табиғат аясына қысқа уақытқа шығып қайту үшін барады» деді Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Таудағы туризмді дамыту инфрақұрылымға жаңа көзқарасты талап ететінін айтқан ол тау шаңғысы туризмін дамыту Алматы тау кластеріне қатысты жаңа тәсіл мен заманауи көзқарасты қажет ететініне де тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризм экономика, мәдениет, қауіпсіздік пен бизнесті біріктіретін күрделі сала екенін ерекше атап өтті. Шаңғы туризмін дамыту туралы айта келе, Президент Алматы тау кластері үшін жаңа көзқарастың қажет екенін айтты. Дәл осы тұрғыдан алғанда, Almaty Superski жобасын қарастыру қажет. Бұл жеке инфрақұрылымды салу мәселесі ғана емес. Мұнда Алматының болашағы, Қазақстанның барлық туристік саласының дамуы, таулардың азаматтар үшін қолжетімділігі, адамдардың қауіпсіздігі және Іле Алатауының бірегей табиғатына жауапкершілікпен қарау туралы әңгіме болып отыр» деп атап өтті Премьер-министрдің орынбасары.

Оның айтуынша, Almaty Superski жобасының мәні бір қаланың шеңберінен шығып, Қазақстанның заманауи, ашық әрі бәсекеге қабілетті туристік бағыты ретіндегі халықаралық имиджін нығайтуға көмектеседі. Бұдан бөлек, Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Көкжайлау жерлері «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрамынан шығарылмайтынын, ерекше қорғалатын табиғи аумақ мәртебесін сақтайтынын және жоба аясында жеке коттеджді мен виллалар салу қарастырылмағанын атап өтті. Жоба экология талаптарын қатаң сақтау, ғылыми сүйемелдеу, қоғамдық бақылау және орындаушылардың жеке жауапкершілігімен ғана іске асырылады. Сондай-ақ Медеу – Шымбұлақ – Көкжайлау – Құмбел сияқты өзара байланысқан жүйе туристер ағынын тиімді бөліп, Шымбұлаққа түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

«Бізге тұрғындардың, экологтардың, сарапшылардың, азаматтық қоғам өкілдерінің пікірі маңызды. Алайда талқылау фактілерге, ғылыми сараптамаға және Алматы мен бүкіл елдің ұзақмерзімді мүддесін түсінуге негізделуі тиіс» деді Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі.

P.S: ***Елге келген елдің рақметін де, ақшасын да алып қалу қашанда басты орында тұруы тиіс. Сонымен қатар әр өңірге қонақүй салғанда да сол аймақтың табиғатына, тарихи болмысына және мәдени ерекшелігіне сай етіп жобалау қажет деп ойлаймын. Мысалы, қонақүй форматында ежелгі Сауран базары мен Бозоқ ауылдарының, Сарайшық қалашығының заманға бейімделген нұсқасын жасап, туристерге тек демалыс емес, тарихи атмосфера сыйлайтын орталықтар ашсақ, қонақүйлердің ішкі және сыртқы дизайнын да көне дәуірдің рухын сездіретіндей етіп безендірсек, келушілер өздерін дәл сол тарихи кезеңде жүргендей сезінер еді.***

АҒАЛАР АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

БАЛА ҚАБДЕШ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

ДОСЫ МҰХАМЕТҚАЗЫ МҰХАМЕДИҰЛЫ ЖАЗУШЫ ЖАЙЛЫ СЫР ШЕРТТІ

Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің 90 жылдығына орай оның бала күнгі досы, тарихшы-этнограф Мұхаметқазы Мұхамедиұлымен сұхбат құрдық. Әңгіме барысында жазушының балалық шағы, қиын кезеңдері мен тұлғалық қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғалар жайында кеңінен сөз болды.



– Мұхаметқазы Мұхамедиұлы, Қабдеш Жұмаділовпен алғаш қалай таныстыңыздар? Оның балалық шағы қандай болды?

– Қабдеш 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы Малдыбай ауылында дүниеге келген. Малдыбай – үлкен әкесі Үдере бидің қыстағы болған. Соның шыға беріс кең жазығында олардың ата қонысы болды. Қабдеш Малдыбай бұлағының баурайында туса, мен 1937 жылы Жандыбай деген Мыңбұлақтың бойында тудым. Арамыздағы айырмашылық – 1-ақ жас. Қабдеш дүниеге келген кезде әкесі ат шаптырып, елден сүйінші сұратып, оның атын Қабділәшім деп қойған екен. Оның алдында Қабдірәшид деген баласы шешек ауруынан ба, өмірден өтіп кетеді де, соған ұйқастырып қойған. Ауылдағы ағалары оны Қабдеш деп атап кетті.

– Бала кезінен оның болашақта жазушы болатынын аңғартқан белгілер болды ма?

– Қабдеш бала күнінен сондай зерек, қағылез болды. «Болар бала қонақ жағалайды» демекші, үлкен үй болғаннан кейін, арғы атасы би болғаннан кейін олардың белдеуінен ат кетпеген. Кезінде біздің жақта қонақ үзілмеуші еді. Сол кездерде қонақкәде ретінде үлкендер жағы жас балаларға ертегі, қисса-дастандар, басқа да тағылымды әңгімелер айтып беретін. Қабаң жастайынан сондай тағылымды әңгімелерге құлағы түрік болып өсті. Екінші бір жағдай – оның әкесі Жұмаділ, ұлы әкесі Үдере би сол төңіректе 4 сыныптық мектеп ашқан адамдар. Мектептің жанынан мешіт те ашты.

– Оның мінезіндегі ерекше қасиетті қалай сипаттар едіңіз?

– Қабаңның рухының биік болуының себебі біз мектеп оқып жүрген кезімізде 1946 жылы Шығыс Түркістанда үш аймақ қозғалысы деген үлкен ұлт-азаттық төңкерісі болды. Сол көтерілістің жалыны Тарбағатайды шарпыды. Сол жылдары Қабаң екеуміздің рухымызға ұрық басқан нәрсе – сол ұлт-азаттық қозғалысы еді. Ұлт-азаттық армиясының әнұранын жаттап өстік.

1947-1948 жылдары әкелеріміз Шәуешек қаласына жиі барып тұратын. Өзі Қазақстанға жақын орналасқан. Онда Алашордашылардың, қазақ интеллигенттерінің ықпалы зор болды. Ол жерге 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде, содан кейін 1932 жылдардағы ашаршылық кезінде жан сауғалап барған қазақтың оқыған зиялы қауым өкілдері бар еді. Мұның да шет жағасынан Қабаң қалған жоқ.

1948-1949 жылдары Шәуешек гимназиясында оқыдық. Онда қазақ балалары, ұлдар бөлек оқыды. Ондағы мұғалімдеріміз де өте білікті еді. Алаш қайраткерлері сабақ берді. Солардың бірі Тұрсын Жарқынбаев еді. Ол Алаштың атты әскерінің офицері болған. Шұбартау жақтан өткен. Кейін ол кісі мектеп директоры болды. Серікбек, Дәуітбек деген білімдар мұғалімдер болды. Олар әдебиет, математика пәндерінен шетінен өте мықты мамандар еді. Сол ұстаздардың алдынан білім алған оқушылар арасында Қабдеш топты жарып, сабақты үздік оқыды.

– Алғашқы шығармашылық қадамдары туралы не айта аласыз?

– Мектептің қабырға газеттері «Қалам», «Ұшқын», «Жас талап» деген атаулармен шығып жатты. 5-сыныптан бастап оқушылар сол қабырға газеттеріне өлеңдерін, басқа да шығармаларын жазып отырды. Сонда Қабаң алғашында өлең жазды. Осында келгеннен кейін 1966 жылы Алматыда «Жазушы» баспасынан «Жас дәурен» деген ең алғашқы өлеңдер жинағы жарық көрді.

1956 жылы Қабаңның «Жамал» деген әңгімесі Шыңжаңда шығатын «Шұғыла» журналында жарияланды. Сол кезде «Шұғыла» журналының редакторы Қажығұмар Шабдан еді. Ол Қытайдың түрмесінде 40 жыл отырып, «Қылмыс» романын жазған. «Тарбағатай» газетінде де Қабаңның өлеңдері шығып тұрды.

Абайды жас күнімізден оқып өстік. Сол кездерде қазақ елінің жазушыларының шығармалары біз жаққа, Шығыс Түркістанға тоқтаусыз келіп тұрды. Қасым Аманжолдың өлеңдерімен сусындадық. Мектепте Алматыдан шыққан оқулықтармен оқыдық. Осының бәрі Қабдештің де, басқа ақын-жазушылардың да тұлға болып қалыптасуына шабыт, жігер берді деп айтуға болады.

Мен одан бір сынып төмен оқыдым. Жетінші сыныпты бітіргеннен кейін мен Үрімжіге кетіп қалдым, ал ол Шәуешекте қалды. Қабаң 1955-1956 жылғы оқу жылында мектепті бітірді. Сол кезде Кеңес Үкіметімен арада байланыс едәуір жақсарып қалған кез еді. Ташкент пен Алматыға 50 баланы оқуға жіберуге Үкімет қаулы қабылдады. Содан Қабдеш пен Мырзахан деген жігіт Алматыға, КазГУ-дің филология факультетіне түсті. Мен ол кезде Шыңжаң университетінің тарих-география факультетін бітіріп, тарих кафедрасында мұғалім болып қалған кезім еді. Сол кезде Қабаңдар Үрімжіге үстіңгі борты ашық жүк көлігімен келді. Ол уақытта автобус деген сирек. Үсті-бастары шаң-шаң. Жүздері бал-бұл жайнап, өте көңілді жүр. Аяғын алшаң басып кеп, мені құшақтай алды. Бойда сағыныш бар. «Ой, Мұқа, мен енді Алматыда оқитын болдым» деді қуанып. Содан 5-6 күн оларды жолға дайындап, арнайы формаларын тіктіріп, ақыры үлкен автобустарға отырғызып жібердік. Қабаң Ташкентке оқуға аттанған балалармен бірге Алматыға кетті. Алматыға барғаннан соң да хат жазысып тұрдық.

Оның әдебиет саласында өсіп-өркендеуіне үлкен демеушілік жасаған сол кездегі Алматыдағы ұстаздары болды. Соның ішінде Мұхтар Әуезовтің ықпалы зор болды. Мұқаңнан дәріс алды. Тіпті Мұқаңның қабылдауында да болған. Сол қабылдауында болғанын Қабаң маған хат арқылы жазды. Кейінгі кезеңдерде Зейнолла Қабдолов, Мұхамеджан Қаратаев сияқты сыншылар мен әдебиетшілерден сабақ алды. Ауыл-аймақта елдің ескі әңгімелерін, жыраулық әңгімелерді айтып отыратын өткір тілді ақсақалдарымыз болды. Соның бәрін Қабаң құлағына құйып өсті. Кенесарыны жастайымыздан жаттадық.

– Достық қарым-қатынасыңыз туралы есте қалған ерекше сәттер туралы да айтсаңыз.

– 1948 жылдары әкеміз Алматыдан «Қазақ елі» баспасынан шыққан Шығыстағы қазақтарға арнап жазылған Абайдың ең алғашқы кітабынан екеуін алып келіп, біреуін маған, біреуін Қабдешке берген. Менің сол кітабым күні бүгінге дейін үйімде сақтаулы тұр. Ара-тұра оқып қоямын. Ал Қабдеш студент кезінде жоғалтып алыпты. Бір келгенде Қабаң сол кітапты менің үйімнен көріп, көзінің жасын бір сығып алғаны бар.

1957 жылы Мао Цзэдунның халық қайшылықтарын қалай шешу жөніндегі мақаласы жарық көріп, халық тарапынан ашық пікір білдіруге мүмкіндік берілді. Артынша ашық пікір білдіргендерді құдалау басталды. Сөйтіп 1958 жылы 3-курста оқып жүрген Қабаңдар 22 студент қайтарылды. Оларды жауапқа тартты. Содан тыныш отыра алмай, Қабаңның қасына бардым. Сол кезде ол маған: «Алматыға шығарып салғандағы алқа қотан ағайынның бәрі қайда кеткен? Ешкім жоқ қой» деді. «Қаба, басқа пәле тілден деген. Бұл жерде саяси үлкен қозғалыс жүріп жатыр. Енді тіліңе ие бол. Кешке біздің жатақханаға, бөлмеге кел. Өзім күтіп аламын» дедім. Кешкісін қасында Уәли Бекенов деген күйші бар, Төлеубек Жақыпбай бар, үшеуі келді. Толқын жүріп жатыр ғой деп сақтанып, есік-терезені жауып, қараңғылатып қойдым. Қыз балалар дастарханды жайнатып жіберді. Домбыра шертілді. Ешкім естіп қоймасын деп басында Уәли Бекенов ақырындап шертіп отырған. Бір кезде Төлеубек Жақыпбай: «шерткен соң дұрыстап шерту керек» деп домбыраны өзі алып, қаттырақ шертті.

Біреулер отырысымыз туралы тыңшыларға жеткізіпті. Таңертең бізді ұстап, айып тағып, университет алаңына шығарды. «Алматыдан келген ұлтшылмен қандай байланыстарың бар? Не туралы сөйлестіңдер?» деп сұрақтың астына алды.

КСРО-да халық жауы деген желеумен Сібірге айдаса, сол кезде Қытайда «тозақ оты» деген 50-60 градус күйіп тұратын ыстық жақтың құмына апарып, Қабаны еңбекке салды. Сол кезде ол оқудан қалып, көмір шахтасында жұмыс істеді. Шамамен 60-70 метр тереңдікте көмір қазып жүргенін көрдім. Бір күні барсам, «осындай жағдайда өмірмен қоштасатын шығармыз» деді. Үстінің бәрі шаң, қара күйе. Алматыдағы оқуын бітіре алмай қалғанына налыды.

Сол кезде Қытайда саяси жағдай шиеленісіп, баспалар тоқтап қалды. Газет-журнал шықпай қалды. Кейін билік өздерінше атап жүрген «оңшылдарды», «ұлтшылдарды» бақылауда ұстап, соларға мақала жаздыртып, өз аттарымен жариялатпайтын саясат жүргізді. «Шыңжаң газеті» де қатаң бақылауда болды. Қабаң осының бәрін, тарихи оқиғаларды, қилы тағдырларды өзінің кітаптарында жазды.

– Оның шығармаларына арқау болған оқиғалардың куәсі болдыңыз ба?

– Иә, Қабдеш не нәрсені бастан өткерсе, мен де соны көрдім. Жайлаудағы күндердің бәрін айтуға уақыт жетпейді.

1962 жылы ұлы көш болды. Осы көште Шәуешек төңірегінде отырған 7-8 болыс ел көшіп кеттік. Құлсытайдың арғы жағындағы ағайынның біразы өте алмай, сол жақта қалып қойды. Ал Шәуешек төңірегіндегі халықтың бергі жаққа өтіп кетуіне Қабдештің көшбасшылық жасап, үгіт-насихат жүргізуі себеп болды. Соның арқасында Шәуешек халқы қатты қотарылып, айналасы 10-15 күннің ішінде шамамен 330 мың халық бері қарай шекарадан өтіп кетті. Бұл туралы архив құжаттарында нақты жазылған. Сол көшпен келген қазақтар бүгінде өсіп-өніп, ел ішінде миллионнан асты. Сол көшпен бірге келген балалардың арасынан да небір тұлғалар қалыптасып шықты.

Шекара асқан кезеңдерде де Қабдешпен байланыс үзілген жоқ. Шекарадан өткеннен кейін халықты төрт облысқа, Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Талдықорған облыстарына бөлді. Мен Жарма ауданына тұрақтап, сонда мұғалім болдым. Қабдешті оқуыңды жалғастыр деп, Жаңғызтөбе станциясынан Алматыға шығарып салдық. Барсақ, Рамазан Тоқтаров, Мұхтар Мағауин, Әкім Тарази сияқты азаматтар: «Ой, сені Қытайдың түрмесінде өліп қалды деп ойласақ, аман-есен келген екенсің» деп қуана қауышты. Арада біраз жыл үзіліс болған. Содан Қабаң өзінен жасы кіші студенттермен бірге оқуын аяқтады. Еңбек жолын «Қазақ әдебиеті» газетінен бастады.

Қабдеш менен кейін екі жылдан кейін, 1965 жылы үйленді. Сондағы тойына шақыру қағазы әлі күнге дейін үйімде сақтаулы тұр. 4 ұл, 1 қызы өмірге келді. Өсіп-өнді.

– Оның қазақ әдебиетіндегі орнына сіз қандай баға берер едіңіз?

– Шығармаларындағы қилы тағдырдың бәрін Қабаң біреудің аузынан естіген жоқ, өз көзімен көрді. Кейін «Тағдыр» романында, «Соңғы көште», «Қалың елім, қазағымда», «Атамекенімде», «Қаздар қайтып барады» кітаптарында өзі көрген аянышты да қилы тағдырдың бәрін өзінің суреткерлігімен, көркем тілмен бүкпесіз жазды.

Қабдеш – шындықтан табаны таймаған, жығылмаған жазушы, өз заманындағы халықтың аянышты халін бұл жаққа да жеткізе алған суреткер.

Қабаң: «ақ қағаз – арым, қара сия – қаным» деп отыратын еді. Кейде шығарманы өзің үшін де жазатын кездерің болады. Бірақ Қабдеш Жұмаділов – бүгін үшін емес, ертең үшін, ертеңгі ұрпақ үшін қалам ұстап, Алаштың ұстанымын ұстанған жазушы.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрдәулет КӘКІШТЕГІ



Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ, ақын, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

РӘМІЗДЕР – ЕҢ ҚАСТЕРЛІ БЕЛГІЛЕР

– Мемлекеттік рәміздер күні – әрбір қазақстандық үшін ерекше мәні бар күн. Ту, Елтаңба және Әнұран – тәуелсіздігіміздің, мемлекетіміздің тұтастығы мен егемендігінің айқын көрінісі. Бұл рәміздер халқымыздың тарихын, рухын, арман-мұратын және болашаққа деген сенімін бейнелейді. Елтаңбамыз ұлттық құндылықтарымыз бен бірлігімізді дәріптесе, Әнұранымыз әр азаматтың жүрегінде Отанға деген мақтаныш сезімін оятады.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – заң талаптарын орындау ғана емес, бұл туған елге деген сүйіспеншіліктің, азаматтық жауапкершіліктің көрінісі. Әсіресе жас ұрпақтың бойында рәміздерге деген құрметті қалыптастыру маңызды. Өйткені ел болашағы – өз мемлекетін қадірлейтін, оның құндылықтарын бағалайтын азаматтардың қолында. Сондықтан әрбір азамат көк Туымызды мақтан тұтып, Елтаңбамызды қастерлеп, Әнұранымызды асқақ рухпен орындауы тиіс. Әнұран белгілі бір рәсім кезінде ғана шырқалатын ән емес, ол – халықтың рухын көтеретін, елдік сананы нығайтатын, Отанға деген сүйіспеншілікті оятатын қасиетті құндылық. Әнұран орындалған сәтте әр азамат өзінің Қазақстан атты қасиетті шаңырақтың бір бөлшегі екенін терең сезінеді.

Әлемдегі барлық мемлекет өзінің мемлекеттік рәміздерін ерекше құрметтейді. Өйткені рәміздер – елдің тәуелсіздігін, тарихын, ұлттық болмысын және мемлекеттік тұтастығын айқындайтын қасиетті белгілер. Қазақ үшін де Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран жай ғана ресми атрибуттар емес. Олар – ғасырлар бойы азаттық аңсаған арманның, бабалардың аманаты мен бүгінгі тәуелсіздіктің символы. Сондықтан көк байрақ көтерілгенде немесе Әнұран шырқалғанда әр қазақтың жүрегінде туған еліне деген мақтаныш сезімі оянуы тиіс. Бұл – ұлтты ұйыстыратын, мемлекетшілдік сананы нығайтатын рухани күш.

«Бақ бағалағанның басында тұрады» дейді халқымыз. Бүгінде әлемде өз мемлекеті жоқ, өз туын көтере алмай жүрген қаншама халық бар. Ал қазақтың маңдайына тәуелсіз ел болып, Көк Туын көкте желбіретіп, Әнұранын әлемге асқақтата шырқату бақыты бұйырды. Ендеше осы бақтың қадірін білу – әр азаматтың парызы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – тәуелсіздікті құрметтеу, ал тәуелсіздікті бағалау ата-баба аманатына адал болу деген сөз. Осыны естен шығармайық.

№65 (4963) 04/06/2026 Бейсенбі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҰЛЫ КӨШ

Тарихта ұлттың тағдырын өзгертіп, мемлекеттің болашағына ықпал еткен ұлы көштер аз болмаған. Әлем тарихына көз салсақ та, еврей халқының Израильге оралуы, Германияның қайта бірігуі немесе Түркияның қалыптасу кезеңіндегі көші-қон үдерістері ұлттық тұтастықты нығайтып, мемлекеттіліктің іргесін бекемдеген маңызды тарихи оқиғалар ретінде бағаланады. Қазақ халқының тарихында да ұлттың қайта ұйысуына негіз болған тағдырлы кезеңдер жетерлік. Соның ең маңыздысы – тәуелсіздікпен бірге басталған қандастар көші.

Биыл елге ел қосылып, шекара сыртында қалған қандастардың атажұртқа орала бастағанына 35 жыл толды. Егемендігін енді ғана алып, әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды бастан кешіп отырған кезеңде «Қазақтың өз мемлекеті құрылды, алыстағы ағайын енді атаның қомдап, ат басын атажұртқа бұр» деп күллі әлемге жар салғаны – қазақ тарихындағы, ұлттың өркендеуіндегі айтулы уақиға.

Екінші жағынан, бұл қадам ұлттық қауіпсіздік пен елдің демографиялық тұрақтылығы тұрғысынан да аса маңызды шешім болды. Тәуелсіздік алар тұста Қазақстандағы қазақ халқының үлесі небәрі 40 пайыз шамасында еді. Өз жерінде отырып саны аз ұлтқа айналу қаупі ұлттық болашаққа алаңдаушылық туғызатыны анық. Осындай тарихи жағдайда шетелдегі қандастарды атажұртқа шақыру – тек көші-қон саясаты ғана емес, мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған стратегиялық шешім еді.

КӨШ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

1991 жылы 11 қарашада Қазақ КСР Министрлер кабинетінің «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақ КСР-інде қоныстандыру тәртібі және шарттары туралы» № 711 қаулысы шықты. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Сол жылы 31 желтоқсанда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев радиода шетелдегі диаспора өкілдеріне арнап сөз сөйлеп, жоғарыдағы қаулыны айта келіп: «Атамекенге келем деушілерге есік ашық!» деп үндеу тастады.

1992 жылы 29 қыркүйекте Алматы қаласында тұңғыш рет өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Республикалық мәртебесі бар халықаралық үкіметтік емес ұйым – Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды әрі Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын 5 жылда бір өткізу туралы шешім қабылданды. Шетелдерде тұратын қазақтармен мәдени-рухани, оқу-білім және іскерлік бизнес саласында байланыс жасау мақсатында құрылған бұл қауымдастық шетелдегі қазақтардың атажұртқа жеткенде алдымен ат басын бұратын қара шаңырағына айналды. Өкініштісі, қазірге дейін 5 кезек құрылтай өткенімен, 2017 жылдан кейін қазақ құрылтайын өткізу мәселесі мүлде ескерусіз қалды. Құрылтай түгілі, төрағасы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев болған Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы да елдегі билік ауысқаннан кейін аты бар, заты жоқ ұйымға айналды.

Өткен 35 жыл ішінде тарихи Отанына 1,5 миллионға жуық қандас оралды. Ал олардың табиғи өсімі мен бүгінгі көрсеткіш 3 миллионнан асты. Демек, тәуелсіздік жылдары 16 миллионға дейін құлдыраған халық санының 35 жыл ішінде 20 миллионға жетуіне, еліміздегі қазақ ұлтының үлесінің 70 пайыздан асып түсуіне Ұлы көштің қосқан үлесі орасан зор деуге толық негіз бар. Сонымен қатар, бұл үдеріс ел демографиясының нығаюына ғана емес, ұлттық болмыстың сақталуына, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге және елдің әлеуметтік-мәдени дамуына елеулі ықпал етті. Қазіргі таңда атажұртқа оралған ағайын елдің барлық өңірінде еңбек етіп, ғылым, білім, кәсіпкерлік, мәдениет пен спорт салаларында ел дамуына серпін беріп келеді.

Әрине, өткен 35 жылда көші-қон заңы қырық құбылғанымен, мемлекеттен қолдау үзілген жоқ, келем деген ағайынға ел құшағы ашық болғанын аса ризашылықпен айта кеткен жөн. Бірақ қазақ елі «келіңдер» шақырып, 30 жыл бойы қандастарға шекараны ашып қойғанда әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылған қазақ түп қотарыла көшіп атажұртқа оралмағаны, «өзге елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген аталы сөзді бойтұмар етіп ұстанбағаны қынжылтады. Қазір бейресми дерек бойынша әлемнің 40-тан аса елінде әлі де 7 миллиондай (кейде тіпті 10 миллион деп те айтылып жүр) қазақ өмір сүріп жатыр. Бұл дегеніңіз – Қырғызстан халқының санымен бірдей көрсеткіш. Егер осы қазақ 30 жыл уақыт ішінде жаппай атажұртқа қоныс аударса, Қазақстанның халық саны әлдеқашан 30 миллионға жуықтап, елдегі қазақ ұлтының салыстырмасы 90 пайызға дейін көтерілер еді. Бірақ ұлттық сананың төмендігі, мемлекетшілдік идеяның әлсіздігінен көп қандасымыз әлі де туған жері мен жан баққан жерін қия алмай жүр.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ПӘРМЕНІ

Әлемнің қай түкпірінде жүрсе де қандастарымызды ұрпақтың қамы, ана тілінің жағдайы алаңдатып, «Балам ана тілін ұмытып, басқа ұлтқа сіңіп кетпей ме?» деген ортақ мәселемен бетпе-бет келетіні анық. Өйткені бір елде қазақ мектебі мемлекеттік деңгейде жұмыс істесе, енді бір елде қазақ тілінде білім алуға мүмкіндік жоқ. Сондықтан шетелдегі қазақ мектептерінің бүгінгі ахуалы, қандастардың қандай қиындықтарға жолығып жатқаны және қандай қолдауға зәру екені – еліміз үшін әлі де зерттеуді, талдауды қажет ететін өзекті тақырып.

Қазіргі таңда шетелдегі қазақ диаспорасының ең көп шоғыры Қытай, Ресей, Өзбекстан және Моңғолия мемлекеттерінде өмір сүріп жатыр. Нақтылап айтсақ, Қытайда 1,5 миллион, Ресейде 1 миллион, Өзбекстанда 1 миллионға жуық, ал Моңғолияда 200 мыңнан астам қазақ тұрады. Алайда осы елдердегі қазақ тіліндегі білім беру ісінің бүгінгі ахуалы алаңдатарлық деңгейге жетті. Түтін саны аз мемлекеттерде қазақ мектебінің болмауын түсінуге болар, бірақ кезінде қазақы ортасы қалыптасқан Ресей мен Қытайдағы қазақ мектептерінің жаппай жабылуы – ұлт болашағына төнген үлкен қауіптің бірі. Соның салдарынан шетелдегі қандас жастар ана тілінен, ұлттық құндылықтар мен тарихи жадынан алыстап барады. Яғни Өзбекстан мен Моңғолиядан басқа елдерде қазақ мектебі жабылып, ана тілінде білім алуына мүмкіндік берілмеуі қазақ көшінің тек демографиялық емес, рухани және мәдени маңызының да аса зор екенін көрсетеді. Ащырақ айтсақ, біз қазір шетелдегі 6-7 миллион қандасымыздан тірідей айырылу қаупіне дөп келдік. Осы тұрғыдан алғанда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Дүниежүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз!», «Қазақстан – тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны» деген сөздері ерекше мәнге ие. Бұл – тек саяси ұстаным емес, ұлттың болашағын, рухани тұтастығын және тарихи сабақтастығын сақтауға бағытталған маңызды стратегиялық көзқарас.

Бізді қынжылтатыны – Мемлекет басшысы осындай нақты міндет қойып отырғанына қарамастан, шетелдегі қазақтардың тарихи Отанына оралуына кедергі келтіретін бюрократиялық тосқауылдардың әлі де толық жойылмай отырғаны. Әсіресе, өткен жылдың соңында қабылданып, биылдан бастап жүзеге асырыла бастаған үш министрліктің бірлескен пилоттық жобасы, «өкінішке қарай, қандастардың Қазақстанға келуіне мемлекеттік органдар тарапынан кедергілер жасалуда» деп депутат Мұрат Әбенов айтқандай, елге келемін деген ағайынның жолын жеңілдетудің орнына, кеудесінен кері итеретін күшке айналды. Соның салдарынан атамекенге үлкен үмітпен келген көптеген қандастарымыз қандас мәртебесін алу, құжат рәсімдеу, азаматтық мәселелерін шешу барысында сан түрлі қиындыққа тап болып, азаматтық ала алмай жүр. Бұл – тұтас қазақ қоғамы назар аударатын мәселе.

СОЛТҮСТІККЕ КӨШ КӨБЕЙСІН ДЕСЕК...

Егер біз әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақтарды тарихи Отанына шақырып қана қоймай, олардың елге орнығып, қоғамның толыққанды мүшесіне айналуын қаласақ, онда көші-қон рәсімдерін барынша жеңілдетіп, артық әкімшілік кедергілерді жоюымыз қажет. Өйткені әрбір оралған қандас – жай ғана статистикалық көрсеткіш емес, ұлттық әлеуетті арттыратын, демографиялық өсімге үлес қосатын және қазақы болмысты нығайтатын құндылық.

Әрине, қандастар көшін халық саны азайып, мектептері жабылып жатқан солтүстік өңірлерге бағыттау – өте дұрыс әрі мемлекет мүддесіне сай шешім. Мұндай қадам елдің демографиялық тепе-теңдігін сақтауға, еңбек ресурстарының тапшылығын азайтуға және шекаралық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни сырттағы қандастарды осы аймақтарға орналастыру арқылы мемлекет бір мезетте бірнеше мәселені шешуге ұмтылып отыр.

Бұл мақсаттарды қандастар да жақсы түсінеді. Көптеген ағайын тарихи Отанының мүддесі үшін елдің кез келген өңіріне қоныстануға дайын екенін талай рет дәлелдеді. Тәуелсіздік жылдарында мыңдаған отбасы жан саны азайған аймақтарға барып, жаңа ортаға бейімделіп, сол жердің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосты. Сондықтан мәселе қандастардың ниетінде емес, сол ниетті жүзеге асыруға жасалатын жағдайдың сапасында болып отыр. Міне, осы тұрғыдан алғанда, солтүстікке көш әкімшілік шектеулер мен мәжбүрлеу тетіктеріне емес, ынталандыру мен қолайлы жағдай жасау қағидатына негізделуі тиіс. Өйткені адам өз тағдырын, отбасының болашағын және тұрмыс жағдайын ескере отырып шешім қабылдайды. Сондықтан солтүстік өңірлерге қоныстанатын қандастарға тұрғын үй, жұмыс, кәсіп ашу, балаларын оқыту және әлеуметтік бейімделу мәселелерінде нақты әрі тиімді қолдау көрсетілген жағдайда ғана бұл саясат өз нәтижесін береді. Сонымен қатар құжат рәсімдеу мен азаматтық алу үдерістерін жеңілдетіп, олардың жаңа ортаға тез бейімделуіне көмектесетін арнайы бағдарламалар қажет.

Ең бастысы, қандастарды белгілі бір өңірге күштеп емес, сол жердің мүмкіндіктерін арттыру арқылы тарту керек. Сонда ғана көші-қон саясаты өзінің стратегиялық мақсатына жетіп, солтүстік өңірлердің демографиялық және экономикалық дамуына нақты серпін береді. Ал тарихи Отанына оралған әрбір қазақ өзін мемлекеттік саясаттың объектісі емес, елдің болашағын бірге қалыптастыратын толыққанды азамат ретінде, нақтырақ айтсақ, өзін артық жүк емес, елдің дамуына үлес қосатын толыққанды азамат ретінде сезінуі қажет.

Мәжбүрлеп қоныстандырып, бес жыл бойы түрлі талаптар мен шектеулер арқылы ұстап тұрғанмен, Үкімет белгілеген мерзім аяқталған күні адамдар қайтадан басқа өңірлерге көшіп кетсе, онда мұндай саясаттың нәтижесі мен тиімділігі туралы заңды сұрақ туындайды. Өйткені көші-қон саясатының басты мақсаты адамдарды белгілі бір аумаққа уақытша орналастыру емес, сол өңірлердің тұрақты демографиялық, әлеуметтік және экономикалық дамуын қамтамасыз ету болуы тиіс. Егер қандастар бес жылды «өткізуге тиіс мерзім» ретінде қабылдап, уақыт біткен соң жаппай қоныс аударуға мәжбүр болса, онда мәселе олардың ниетінде емес, мемлекет ұсынып отырған жағдайдың тартымдылығында жатыр деген сөз. Адамды қағаз жүзіндегі талаптармен ұстап тұруға болады, бірақ оны туған жеріндей көріп, тамыр жайып, болашағын сол өңірмен байланыстыруға ешқандай бұйрық мәжбүрлей алмайды. Яғни мәселенің түйіні шектеуде емес, жағдай жасауда. Егер жұмыс болса, баспана болса, балалары сапалы білім алып, отбасы өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінсе, ешкім де көшіп кетуге ұмтылмайды. Керісінше, мұндай орта жаңа көштің де негізгі тарту күшіне айналады.

Демек, қандастарды белгілі бір өңірде ұстап қалудың ең тиімді жолы – әкімшілік тетіктерді күшейту емес, сол өңірдің өмір сүруге қолайлы әрі болашағы бар аймаққа айналуына жағдай жасауда жатыр. 35 жыл жалғасқан көш тоқтамасын десек, осы түйін де ескерілуі керек.

ҚАЗАҚСТАНҒА КІМДЕР ТҰРАҚТЫ ҚОНЫСТАНА АЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы бұйрығымен шетелдіктерге елде тұрақты тұруға рұқсат алуға құқық беретін сұранысқа ие мамандықтар тізіміне және оны қалыптастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Сұранысқа ие мамандықтар тізімі бұдан былай «Шетелдік жұмыс күші» автоматтандырылған цифрлық жүйесінің деректерін, кадрларға деген орта мерзімді қажеттілік болжамын және «Электрондық еңбек биржасы» порталындағы бос жұмыс орындарын талдау негізінде қалыптастырылады.

Ведомствоның хабарлауынша, сұранысқа ие мамандықтар тізіміне денсаулық сақтау, инженерия, цифрлық технологиялар, білім беру және креативті индустрия салаларындағы мамандар қосылған. Атап айтқанда, денсаулық сақтау саласы бойынша нейрохирург, гематолог, онколог, неонатолог, эндокринолог дәрігерлері, сондай-ақ анестезиолог-реаниматологтар мен акушер-гинекологтар бар.

Инженерлік-техникалық бағытта авиация, ғарыш технологиялары, фармацевтика өнеркәсібі, лазерлік жабдықтар және жаңа өндірістік технологиялар саласындағы мамандар қамтылған. Цифрлық технологиялар мен инновациялар саласына бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер, жасанды интеллект пен үлкен деректер жөніндегі мамандар, ақпараттық жүйелер сәулетшілері, киберқауіпсіздік инженерлері, бұлтты есептеу технологиялары бойынша мамандар және басқа да IT қызметкерлері енгізілген. Сондай-ақ тізімге педагогика ғылымдарының өкілдері мен креативті индустрия мамандары – графикалық дизайнерлер, суретші-иллюстраторлар, бейнемонтажерлер және дыбыс режиссерлері енді.

2026 жылғы 2 мамырдың соңында Шымкент қаласындағы Rixos Khadisha Shymkent қонақүйінде мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, академик, геология-минералогия ғылымдарының докторы Шахмардан Есеновтің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қазақстандағы геологиялық барлау ісінің даму эволюциясы: инновациялар мен перспективалар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ауқымды ғылыми жиын «САУТС-ОЙЛ» ЖШС, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы және Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясымен бірлесіп ұйымдастырылды. Конференция еліміздің геология, мұнай-газ, инженерия және жер қойнауын пайдалану салаларындағы өзекті мәселелерді талқылайтын маңызды ғылыми алаңға айналды.




ТАҚТАТАС МҰНАЙЫ – ЖАҢА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДӘУІРГЕ БАСТАР ЖОЛ

Жиынға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, инженерлер, геологтар, мұнай-газ саласының мамандары, ғылыми-зерттеу институттары мен өндірістік компаниялардың өкілдері қатысты. Конференцияның басты мақсаты – академик Шахмардан Есеновтің қазақ геологиясына қосқан тарихи еңбегін дәріптеу, сондай-ақ қазіргі геологиялық барлау ісінің жаңа бағытын, инновациялық әдістерін және болашақтағы даму келешегін айқындау болды.

Пленарлық мәжіліске техника ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері, РОО «ОВНК» кеңесінің төрағасы, ҚР ҰҒА академигі Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин төрағалық етті. Ол конференцияның ашылуында Шахмардан Есенов есімі Қазақстан геологиясының тұтас дәуірімен сабақтас екенін, ал бүгінгі ғылыми жиын сол ұлы мектептің жаңа тарихи кезеңдегі жалғасы екенін атап өтті. Оның сөзінде геология саласындағы сабақтастық, ғылыми жауапкершілік және елдің табиғи ресурстарын тиімді игеру мәселелері негізгі ой ретінде көрініс тапты.

Техника ғылымдарының докторы, «САУТС-ОЙЛ» ЖШС президенті, ҚР ҰҒА академигі Серікжан Сейтжанов өз сөзінде отандық мұнай-газ саласының алдында тұрған жаңа міндеттерге тоқталып, Қазақстанда дәстүрлі емес көмірсутек ресурстарын, соның ішінде тақтатас мұнайын зерттеу мен игеру ісі стратегиялық маңызға ие бола бастағанын жеткізді. Оның айтуынша, қазіргі кезеңде геология ғылымы мен өндірістің өзара байланысы бұрынғыдан да күшейіп, нақты технологиялық шешімдерге сүйенген жаңа ізденістер қажет.



Ш.Есенов өзінің әріптестерімен бірге. 1951 жыл

Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы ондаған жылдар бойы дәстүрлі кен орындарын игерумен тығыз байланысты болды. Бұл кен орындары ел экономикасының өсу негізіне айналып, оның өнеркәсіптік әлеуетінің қалыптасуына және энергетикалық тәуелсіздігінің нығаюына жол ашқаны да сөзсіз. Бүгін де біз жаңа кезең табалдырығын аттамақ ниеттеміз, яғни ресурс базасын едәуір кеңейтуге және тұрақты дамуға қосымша мүмкіндіктер ашуға қабілетті дәстүрлі емес көмірсутек қорларын игеруге көшу кезеңін бастадық.

Тақтатас мұнайы – қазіргі энергетикадағы мүмкіндігі мол салалардың бірі, әрі технологиялық тұрғыдан күрделі бағыттардың бірегейі. Бұл тек жаңа өндіру технологиясы ғана емес, жер қойнауын пайдалануға мүлдем жаңа, салалық тұрғыдан өзгеше тәсіл болмақ. Яғни заманауи инженерлік шешімдерді, деректерді талдаудың цифрлық әдістерін және жобаларды кешенді басқаруды үйлестіре отырып жүзеге асады. Әлемнің көптеген елдерінде дәл осы тақтатас жобалары технологиялық инновациялардың дамуына, инвестициялардың келуіне және жаңа өндірістік тізбектердің қалыптасуына серпін беретін негізгі қозғаушы күшке айналып отыр.

Ал Қазақстан үшін бұл бағытты дамыту стартегиялық маңызға ие екенін де атап өткім келеді. Ең алдымен, әңгіме энергетикалық саласын әртараптандыру және елдің ресурстық қауіпсіздігін нығайтуда болып отыр. Тақтатас қабаттарын игеру бұрын қолжетімсіз болып келген көмірсутек қорларын өндіріс айналымына енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша мұнай өндіру саласының игерілу мерзімін ұзартуға және дәстүрлі кен орындарының сарқылуына тәуелділікті азайтуға жол ашады.

Экономикалық әсері де кем емес. Тақтатас мұнайы саласындағы жобалар геологиялық барлау жұмыстарына, бұрғылауға, инфрақұрылымға және жоғары технологиялық жабдықтарға қомақты инвестицияларды қажет етеді. Бұл өз кезегінде заманауи инженерлік шешімдерге сұраныс қалыптастырып, қызмет көрсету компанияларының ғылыми-зерттеу орталықтарының және өндірістік кәсіпорындардың дамуын ынталандырады. Нәтижесінде бүкіл экономика үшін мультипликативтік әсері қалыптасады, демек машина жасау мен логистикадан бастап, білім беру және кадр даярлау жүйесіне дейін ілгерілейді.

Біз жаңа саланың дамуының әлеуметтік өлшеміне ерекше назар аударамыз. Әрбір ірі энергетикалық жоба – жаңа жұмыс орындарының ашылуы, мамандар біліктілігінің артуы, сондай-ақ жобалар жүзеге асырылатын өңірлерде халық табысының өсуі дегенді білдіреді. Заманауи өндірістердің айналасында жаңа инфрақұрылымдық нысандар қалыптасып, әлеуметтік сала дамиды, өмір сүру сапасы жақсарады.

«САУТС-ОЙЛ» компаниясы қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін терең түсінеді. Сонымен қатар даму қағидаттарын да дәйекті түрде жүзеге асырып келеді. Компания тек өндірістік көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздікке, әлеуметтік қолдауға және қызметтің ашықтығына да айрықша мән береді. Тақтатас мұнайын игеру барысында экологиялық стандарттарды қатаң сақтау қажет екенін ерекше атап өткен жөн. Дегенмен заманауи технологиялар қоршаған ортаға келтіретін әсерді едәуір азайтуға мүмкіндік беретін көңіл көншітеді. Яғни, су тұтынуын қысқартуға, көміртек ізін төмендетуге және ресурстарды пайдалануды оңтайландыруға жағдай жасауға болады. Біз экологиялық құрамдасты шектеу ретінде ғана емес, тиімді әрі ұзақ мерзімді бизнестің маңызды элементі ретінде қарастырамыз.

«САУТС-ОЙЛ» компаниясы үшін тақтатас мұнайы бағыты мұнай-газ саласындағы көпжылдық тәжірибенің заңды жалғасына айналады. Жүргізілген геологиялық барлау зерттеулері, геологиялық үлгілерді жасау және алғашқы тәжірибелік жобалар Оңтүстік Торғай бассейніндегі тақтатас қабаттарының жоғары әлеуетін растады. Тақтатас мұнайының алғашқы қорларын мемлекеттік балансқа қою тек біздің компания үшін ғана емес, бүкіл сала үшін маңызды кезең екені рас. Бұл оқиға іс жүзінде Қазақстан мұнай өндіру тарихында жаңа бет ашып, жаңа өндірістік бағыттың қалыптасуына негіз қалады.

Біз бұл бағытты елдің энергетика секторын тұрақты дамытуға, озық технологияларды енгізуге және заманауи өндірістік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия ретінде қарастырамыз.

Бұл ретте халықаралық ынтымақтастық маңыздылығын да ерекше атап өткім келеді. Тақтатас мұнайы жобаларын жүзеге асыру тәжірибе алмасуымыз, әлемдегі озық тәжірибелерді тартуымыз және жетекші технологиялық компаниялармен серіктестік орнатусыз мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда, шетелдік мамандар мен инвестициялармен өзара ықпалдастық саланың дамуын жеделдетті. Одан бөлек оның тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарғаны да сөзсіз.

Тақтатас мұнайын өндірудің дамуы Қазақстанның экономикалық өсіміне елеулі үлес қосып, елдің әлемдік энергетикалық нарықтағы позициясын нығайтып, инновациялық өнеркәсіптік ортаның қалыптасуына ықпал етеді деп сенемін. Ал өз кезеңінде, «САУТС-ОЙЛ» компаниясының тәжірибесі Қазақстанның энергетикалық саласының одан әрі дамуына пайдалы болады деп үміттенеді.

Іс-шараның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мағзұм Мырзағалиев, мемлекет және қоғам қайраткері Ахметжан Есімов, Қазақстан Республикасы энергетика вице-министрі Ерлан Ақбаров, KAZENERGY қауымдастығының төрағасы Болат Ақшолақов, Ұлттық ғылым академиясының, геологиялық институттардың, мұнай-газ компанияларының және кәсіби бірлестіктердің өкілдері қатысуы айрықша арттыра түсті. Олардың қатысуы конференцияның тек ғылыми емес, сонымен бірге мемлекеттік, өндірістік және стратегиялық маңызы бар басқосу екенін көрсетті.

Жиын барысында Шахмардан Есеновтің өмірі мен қызметіне арналған деректі фильм көрсетіліп, академиктің ел ғылымына сіңірген еңбегі кеңінен еске алынды. Мақсұтбек Шахмарданұлы Есеновтің қатысуы конференцияға ерекше рухани мән берді. Ол өз сөзінде әке мұрасының ең басты өзегі елге қызмет ету, ғылымға адалдық және жас ұрпаққа сенім арту екенін жеткізгендей әсер қалдырды. Конференцияның ғылыми мазмұнында ерекше орын алған бағыт – Қазақстанда тақтатас мұнайын зерттеу және өндіру перспективалары болды. Бұл тақырыптың жеке фильммен, арнайы баяндамалармен және технологиялық талқылаулармен қамтылуы елімізде сланец мұнайы бағытының жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетті. Бұған дейін тақтатас мұнайы көбіне АҚШ пен Қытай тәжірибесімен байланыстырылып келсе, енді Қазақстан да осы күрделі әрі келешегі мол бағытта өз ғылыми-өндірістік ізденісін бастады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, академик Асқар Жұмаділдаевтың конференцияға қатысуы да жиынның ғылыми салмағын арттыра түсті. Ол Қазақстанда тақтатас мұнайын зерттеу және өндіру мәселесіне айрықша назар аударып, бұл бағыттың ел ғылымы үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының президенті Бақытжан Жұмағұлов «Қазақстанда тақтатас мұнайын өндіру перспективалары» тақырыбындағы баяндамасында бұл бағыттың еліміз үшін жаңа технологиялық мүмкіндіктері сөз болды. Бұл баяндама Қазақстандағы тақтатас мұнайын игеру ісінің тек теориялық талқылау деңгейінде емес, нақты келісімшарттық аумақтарда ғылыми-өндірістік негізде қарастырылып жатқанын көрсетті.

Тақтатас мұнайын өндіру – оңай игерілетін ресурс емес. Ол терең геологиялық талдауды, заманауи сейсмикалық зерттеулерді, жыныстардың кеуектілігі мен өткізгіштігін дәл бағалауды, қабат қысымын, органикалық заттардың жетілу деңгейін және мұнайдың миграциялық ерекшеліктерін кешенді зерттеуді талап етеді. Конференцияда айтылған ойлардан байқалғандай, Қазақстанда бұл бағыттың болашағы ең алдымен ғылыми дәлдікке, өндірістік тәжірибеге, халықаралық технологиялық әріптестікке және кадрлық әлеуетке байланысты.

Алдағы жылдары тақтатас мұнайын зерттеу Қазақстан үшін геологиялық барлаудың жаңа белесіне айналуы мүмкін. Егер бұл бағытта жүйелі ғылыми зерттеулер, пилоттық өндірістік сынақтар, заманауи бұрғылау технологиялары және экологиялық қауіпсіздік талаптары қатар дамытылса, елімізде дәстүрлі емес көмірсутек ресурстарын игерудің жаңа мектебі қалыптасады.

Конференцияның секциялық мәжілістерінде де тақтатас мұнайына жақын ғылыми мәселелер кеңінен талқыланды. Бірінші секцияда көмірсутек шикізаты кен орындарын іздеу, барлау және игеру мәселелері қарастырылды. Екінші секцияда Қазақстанның геологиясы, тектоникасы және металлогениясы мәселелері талқыланды. Үшінші секцияда заманауи іздеу, барлау және игеру технологиялары талқыланды.

Шымкентте өткен бұл ғылыми басқосу академик Шахмардан Есеновтің мұрасын құрметтеумен қатар, Қазақстан геологиясының жаңа даму кезеңін айқындаған мазмұнды алаң болды. Әсіресе тақтатас мұнайы мәселесінің кеңінен талқылануы еліміздің мұнай-газ саласында жаңа мүмкіндіктерге бет бұрып отырғанын көрсетті. Бұл бағытта алдағы уақытта ғылыми зерттеу, тәжірибелік сынақ, өндірістік енгізу және халықаралық әріптестік қатар дамуы тиіс. Тақтатас мұнайы саласындағы ізденістер осы жолдағы маңызды қадамдардың бірі болмақ. Конференция қорытындылары Қазақстан геология ғылымына, мұнай-газ өндірісіне және энергетикалық қауіпсіздікке тың серпін беретіні сөзсіз.



Әлімжан ҚҰРТАЕВ,
техника ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік Академиясы Оңтүстік өңірлік филиалының вице-президенті

ДҮЙСЕНБІ
8 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:10 «Көршінің қызы» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...» интеллектуалды телевикторинасы.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Жалған өмір» телехикаясы.
14:15 «Апта» сараптамалық бағдарламасы.
14:55 «Ақорда»
15:10 «Жарқын жүздесу»
15:50 «Бір үйдің балалары» телехикаясы.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ» ток-шоуы.
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ГҮЛДЕР СЫРЫ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ» ток-шоуы.
23:10 «1001 ТҮН»
0:10 ФУТБОЛ. ЖОЛДАСТЫҚ МАТЧ. ФРАНЦИЯ – СОЛТҮСТІК ИРЛАНДИЯ. Тікелей эфир
2:20 АҚПАРАТ
2:50 «Қазір айтайық» әлеуметтік ток-шоуы.
3:40 «Ашық алаң» ток-шоуы.

5:00 Телесериал “Временно недоступен”
7:00 “Оян!”
9:00 “Көзқарас”
9:30 “Әлеумет”
10:00 Телехикая “Эшрефтің арманы”
12:00 “Cover show”
14:00 Мультсериал “Турбозавры”
15:00 Мелодрама “Доброе утро”
17:00 Телесериал “Мечта Эшрефа”
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 Кино “Менің үйім қайда?”
21:30 Сборник “Cover show”
22:00 “КешREC”
23:00 Боевик “Вторжение: Битва за рай”
1:00 Телесериал “Временно недоступен”

ASTANA TV

06.00 «Қош келдіңіз!»
06.50 «Любовь без тормозов» телесериал
08.00 «Стань моей тенью» телесериал
09.00 «Үкім 2» телехикаясы
10.10 «Гүлжемал» телехикаясы
11.35 «Бажа 2» телехикаясы
12:20 «Жездуха» х/ф
14:30 «Зу-Зу Күлпаш 2» телехикаясы
15.20 «Ана» телехикаясы
17.30 «Құйынды мекен» телехикаясы
19:00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 2» телехикаясы
21.00 «Гүлжемал» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.20 «Құйынды мекен» телехикаясы
00:40 «Любовь без тормозов» телесериал

06:00 «П@УТINA» бағдарламасы
07:25 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
07:35 «KÖREMIZ-ШОУ»
08:35 «НОВОСТИ»
08:50 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
09:45 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
10:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
10:50 «НОВОСТИ»
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
12:05 Многосерийный фильм «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА!-2»
13:15 «АНАЛИТИКА»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:25 «НОВОСТИ»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 Многосерийный фильм «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-14»
01:05 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
01:45 «ПОТЕРЯННАЯ ЖИЗНЬ»
02:50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
03:15 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы
03:45 «П@УТINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ” бағдарламасы
8:50 “ӨМІР- СЫНАҚ”, телехикая.
10:30 “ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО”, мелодрама.
12:20 “РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА”, реалити-шоу
16:30 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА” мелодрама.
20:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21:40 “КЛАН ЮВЕЛИРОВ”, мелодрама.
23:40 “ПУСТЫЕ ГОРОДА”, криминальный детектив.
1:40 “ДВОРНЯЖКА ЛЯЛЯ”, мелодрама
3:10 “ПОСЛЕДНЕЕ ЛЕТО”, мелодрама
4:45 “ӨМІР- СЫНАҚ”, телехикая (қайталау)
6:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио» бағдарламасы
06:30 «Ризамын» бағдарламасы
07:10 КИНО. в «Адал алаяқтар» комедиясында (повтор)
09:00 Мультсериал «Аватар: Легенда об Аанге»
09:30 Мультсериал «Губка Боб»
10:10 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11:30 Анимационный фильм «Семейка Аддамс 2»
13:20 КИНО. боевик «Дивергент 3: За стеной»
15:40 КИНО. «Стрит: Бейся до конца»
17:30 КИНО. боевик «Плохие парни»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 КИНО. «Морской пехотинец 5: Поле битвы»
22:50 КИНО. «Не дыши»
00:50 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine» бағдарламасы
03:00 «TikTok show» бағдарламасы
